

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
(2021 жылдың 10 наурызындағы  
№ 14 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2021 жылдың 21 наурызынан бастап  
**қолданысқа енгізілді**

## ЛИСТИНГІЛІК ЕРЕЖЕЛЕР

### **Ескерту**

Бағалы қағаздарды "Қазақстан қор биржасы" АҚ – ның (бұдан әрі-Биржа) ресми тізіміне енгізу және олардың аталған тізімде болуы осы бағалы қағаздарды сатып алу бойынша нұсқамалар болып табылмайды және осындай нұсқамалар ретінде қабылданбауы тиіс.

Биржа бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу, бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінің бір санатынан немесе сауда-саттық алаңынан екіншісіне ауыстыру және бағалы қағаздарды көрсетілген тізімнен алып тастау жөніндегі өз шешімдері мен іс-әрекеттерінің кез келген салдары үшін, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға инвестициялаудың немесе осындай бағалы қағаздармен кез келген мәмілелер жасасудың кез келген салдары үшін бағалы қағаздар нарығы субъектілері мен басқа да тұлғалар алдында жауапты болмайды.

Жоғарыда келтірілгендерден Биржа биржаның ресми тізіміндегі шығарылған бағалы қағаздар бойынша эмитенттердің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, сондай-ақ осындай бағалы қағаздар бойынша кепілгерлердің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін қандай да бір жауапты бола алмайды.

Рұқсаттама бастамашысы құжаттардың толықтығына, дәлдігіне, анықтығына, актуалдылығына, сондай-ақ көрсетілген құжаттардың (ақпараттың, мәліметтердің) электрондық нұсқаларында және олардың қағаз тасымалдауыштарда ұсынылған түпнұсқаларында немесе көшірмелерінде қамтылған деректердің бірдей болуына жауапты болады.

Биржа өз ресми тізіміндегі бағалы қағаздар эмитенттері және олардың қызметі туралы ақпаратты Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес ашуға ұмтылады, бірақ мұндай ақпараттың толықтығы, дәлдігі, сенімділігі және актуалдылығына, сондай-ақ оны Биржаға беруге міндетті тұлғалардың мұндай ақпаратты жасыруы үшін жауап бермейді.

---

Алматы қ.

2021

**М А З М Ұ Н Ы**

<b>Кіріспе</b> .....		<b>6</b>
1 бап.	Негізгі ұғымдар, шартты белгілер және қысқартулар .....	6
2 бап.	Биржаның бағалы қағаздар тізімі.....	8
3 бап.	Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысы .....	9
4 бап.	Биржаның бағалы қағаздар тізімін қалыптастыру.....	10
5 бап.	Листингілік процедуралар туралы жалпы ережелер .....	12
6 бап.	Қаржылық кеңесші.....	13
7 бап.	Листингілік алымдар .....	14
8 бап.	Листингілік келісім-шарт .....	14
9 бап.	Қаржылық есеп берушілік.....	15
10 бап.	Аудиторлық ұйым .....	15
11 бап.	Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу және олардың аталған тізімде болуы үшін қойылатын, листингілік критерийлер мен талаптар .....	16
11-1 бап.	ESG облигацияларының листингінің ерекшеліктері .....	18
12 бап.	Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысының құжаттарды ұсынуы .....	20
13 бап.	АЖ/ТҚҚ сауалнамасы .....	21
14 бап.	Ақпараттар ашу бойынша жауапкершілік .....	21
15 бап.	Алдын ала тұжырымдама беру.....	22
16 бап.	Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу (листинг) .....	23
17 бап.	Бағалы қағаздарды Биржаның бір санатынан немесе сауда-саттық алаңынан басқасына ауыстыру .....	24
18 бап.	Бағалы қағаздардың эмитентін ауыстыру .....	25
19 бап.	Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінен шығару (делистинг) .....	26
20 бап.	Биржаның ресми тізіміндегі бағалы қағаздардың сауда-саттығы.....	28
21 бап.	Рұқсаттама бастамашысының құқықтары.....	28
22 бап.	Рұқсаттама бастамашысының міндеттері .....	29
23 бап.	Биржаның рұқсаттама бастамашылары алдындағы міндеттері.....	29
24 бап.	Биржаның жауапкершілігін шектеу .....	30
25 бап.	Өзге дауларды қарау тәртібі .....	30
26 бап.	Тұжырымды қағидалар .....	31
<b>1 қосымша.</b>	<b>Листингілік критерийлер мен талаптар .....</b>	<b>32</b>
1 кесте.	Бағалы қағаздарды (коммерциялық облигацияларды қоспағанда) "Негізгі" сауда-саттық алаңына енгізу және олардың осында болуы үшін листингілік критерийлер .....	32
2 кесте.	Бағалы қағаздарды (коммерциялық облигацияларды қоспағанда) "Негізгі" сауда-саттық алаңына енгізу және олардың осында болуы үшін негізгі листингілік талаптар .....	35
3 кесте.	Бағалы қағаздарды "Негізгі" сауда-саттық алаңның "Акциялар" секторының "Премиум" санаты бойынша енгізу және олардың осында болуы үшін қосымша листингілік талаптар .....	37

4 кесте.	Бағалы қағаздарды "Негізгі" сауда-саттық алаңы "Акциялар" секторының "Стандарт" санаты бойынша қосу және олардың осында болуы үшін қосымша листингілік талаптар .....	40
5 кесте.	Бағалы қағаздарды "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізу және олардың осында болуы үшін қосымша листингілік талаптар .....	41
6 кесте.	Бағалы қағаздарды "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Банктік депозиттік сертификаттар" секторына енгізу және олардың осында болуы үшін қосымша листингілік талаптар .....	42
7 кесте.	Бағалы қағаздарды "Баламалы" сауда-саттық алаңында енгізу және олардың осында болуы үшін негізгі листингілік талаптар .....	42
8 кесте.	Бағалы қағаздарды "Баламалы" сауда-саттық алаңының "Акциялар" секторына енгізу және олардың осында болуы үшін қосымша листингілік талаптар .....	44
9 кесте.	Бағалы қағаздарды "Баламалы" сауда-саттық алаңының "Борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізу және олардың осында болуы үшін қосымша листингілік талаптар .....	44
10 кесте.	Бағалы қағаздарды "Аралас" сауда-саттық алаңының "Исламдық бағалы қағаздары" секторына енгізу және олардың осында болуы үшін листингілік талаптар .....	45
11 кесте.	Бағалы қағаздарды "Аралас" сауда-саттық алаңының "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторына енгізу және олардың осында болуы үшін листингілік талаптар .....	48
12 кесте.	Бағалы қағаздарды "Аралас" сауда-саттық алаңының "Туынды бағалы қағаздар" секторына енгізу және олардың осында болуы үшін листингілік талаптар .....	53
13 кесте.	Бағалы қағаздарды "Аралас" сауда-саттық алаңының "Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторына енгізу және олардың осында болуы үшін листингілік талаптар .....	55
14 кесте.	Бағалы қағаздарды "Аралас" сауда-саттық алаңының "Мемлекеттік бағалы қағаздар" секторына енгізу және олардың осында болуы үшін листингілік талаптар .....	57
15 кесте.	Мемлекеттік емес облигацияларды "Жеке орналастыру" сауда-саттық алаңында енгізу және олардың осында болуы үшін қойылатын, листингілік талаптар <i>(осы кесте Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген)</i> .....	61
16 кесте.	Шетелдік эмитенттің бағалы қағаздарын "KASE Global" секторына енгізу және олардың осында болуы үшін қойылатын листингілік талаптар <i>(осы кесте Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 27 қазанындағы шешімімен енгізілген)</i> .....	62
<b>2 қосымша.</b>	<b>Листингілік процедуралар шеңберінде берілуге жататын құжаттардың тізімі</b> .....	<b>60</b>
1 кесте.	АЖ/ТҚҚ сауалнамасында көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын растау мақсатында ұсынылуға жататын құжаттар және ішкі бақылау құжаттары (осы Ережелердің 13 бабында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып ұсынылады) .....	60
2 кесте.	Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінің "Негізгі", "Баламалы" (коммерциялық облигацияларды қоспағанда) сауда-саттық алаңдарының тиісті секторларына, сондай-ақ "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары", "Исламдық бағалы қағаздар" және "Туынды бағалы қағаздар" секторларына	

	енгізу үшін алдын ала тұжырымдама беру шеңберінде берілуге жататын, құжаттар .....	62
3 кесте.	Облигацияларды Биржаның ресми тізімінің "Негізгі" немесе "Баламалы" сауда-саттық алаңдарының "Борыштық бағалы қағаздар" секторының "Коммерциялық облигациялар" санаты бойынша енгізу шеңберінде ұсынылатын, құжаттар.....	71
4 кесте.	WFE толық мүшесі болып табылатын қандай да бір қор биржасының ресми тізімінде тұрған бағалы қағаздарды, оның ішінде депозитарлық қолхаттарды (депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын, акцияларды) Биржаның ресми тізіміне енгізу шеңберінде ұсынылатын, құжаттар .....	72
5 кесте.	Муниципалдық бағалы қағаздарды, шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын, сондай-ақ шетелдік мемлекеттік бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінің "Аралас" сауда-саттық алаңының "Мемлекеттік бағалы қағаздар" секторына енгізу шеңберінде ұсынылатын, құжаттар .....	77
6 кесте.	Биржаның ресми тізімінің "Аралас" сауда-саттық алаңының "Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторына бағалы қағаздарды енгізу шеңберінде ұсынуға жататын құжаттар .....	84
7 кесте.	Бағалы қағаздарды "Жеке орналастыру" сауда-саттық алаңына енгізу шеңберінде ұсынуға жататын, құжаттар <i>(осы кесте Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген)</i> .....	85
8 кесте.	Шетелдік эмитенттің бағалы қағаздарын биржаның ресми тізімінің "Аралас" сауда-саттық алаңының "KASE Global" секторына енгізу шеңберінде ұсынуға жататын, құжаттар <i>(осы кесте Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген)</i> .....	88
3 қосымша.	<b>Инвестициялық меморандумда ақпараттарды ашуға қойылатын, Биржаның талаптары</b> .....	83
4 қосымша.	<b>"Қазақстан қор биржасы" АҚ ресми тізіміне бағалы қағаздарды енгізу туралы өтініш</b> .....	96
5 қосымша.	<b>Листингілік келесімі-шарт</b> .....	99
6 қосымша.	<b>Листингілік келісім-шартқа қосылу туралы өтініш</b> .....	110

## ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

### 1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылдың 23 маусымындағы № 42 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2021 жылдың 01 шілдесінен бастап қолданысқа енгіліді.

### 2. № 2 толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылдың 28 шілдесіндегі № 48 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2021 жылдың 29 шілдесінен бастап қолданысқа енгіліді.

### 3. № 3 толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылдың 27 қазанындағы № 65 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2021 жылдың 01 қарашасынан бастап қолданысқа енгіліді.

### 4. № 4 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2022 жылдың 10 наурызындағы № 8 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2022 жылдың 11 наурызынан бастап қолданысқа енгіліді.

### 5. № 5 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2022 жылдың 06 қыркүйегіндегі № 27 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2022 жылдың 12 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгіліді.

### 6. № 6 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2022 жылдың 30 желтоқсанындағы № 43 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2023 жылдың 04 қаңтарынан бастап қолданысқа енгіліді.

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және Биржаның ресми тізіміне енгізу немесе енгізу болжанатын бағалы қағаздар эмитенттеріне қатысты талаптар мен критерийлерді, сондай-ақ осындай бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларының міндеттері мен жауапкершілігін, листингілік процедуралар туралы жалпы ережелерді және бағалы қағаздар листингімен, олардың биржаның ресми тізімінде болуымен және одан шығарылуымен байланысты басқа да шарттарды анықтайды.

## 1 бап. Негізгі ұғымдар, шартты белгілер және қысқартулар

1. Осы Ережелердің мәтіні бойынша мынадай ұғымдар, шартты белгілер мен қысқартулар қолданылады:
  - 1) **АЖ/ТҚҚ сауалнамасы** – Биржа клиентінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды ұйымдастыру мәселелері бойынша сауалнамасы, онда клиентті сәйкестендіру үшін қажетті мәселелер тізімі бар;
  - 2) **Биржаның ішкі құжаттары** – бағалы қағаздар нарығының субъектісі ретіндегі Биржаның ішкі құжаттары және сауда-саттықты ұйымдастырушы ретіндегі Биржаның ережелері (осылар Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленгендей), рұқсаттама бастамашысына, эмитентке және/немесе бағалы қағаздарға қатысты өз құзыреті шегінде қабылданған және жазбаша түрде ресімделген, Биржа органдарының, лауазымды тұлғаларының шешімдері;
  - 3) **Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары** – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (оның ішінде шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес) шығарған және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған бағалы қағаздар;
  - 4) **инвестициялық меморандум** – Биржа өзінің интернет-ресурсында жариялайтын, өзі шығарған бағалы қағаздар бойынша эмитентке міндеттемелер жүктемейтін, эмитент туралы ақпараттық-түсіндірме мақсаттағы құжат;
  - 5) **шетелдік мемлекеттік бағалы қағаздар** – қарыз алушы шет мемлекеттің үкіметі болатын, қарызға қатысты оны ұстаушының құқығын куәландыратын, бағалы қағаздар немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздарға жатқызылған, басқа да бағалы қағаз;
  - 6) **БҚН туралы заң** – "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының заңы;
  - 7) **коммерциялық облигациялар** – айналыс мерзімі 12 айдан аспайтын мемлекеттік емес облигациялар;
  - 8) **листингілік процедуралар** – тәртібі Биржаның жеке ішкі құжатымен анықталатын, алдын ала тұжырымдама беру, бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу, бағалы қағаздарды Биржаның бір санатынан немесе ресми тізімінің сауда-саттық алаңынан екіншісіне ауыстыру, эмитентті ауыстыру және бағалы қағаздар делистингінің жүзеге асырылу процедуралары;
  - 9) **БЕХС** – қаржылық есеп берушіліктің халықаралық стандарттары жөніндегі Кеңес әзірлеген, бухгалтерлік есеп беруші жүргізу мен қаржылық есеп берушілік жасаудың халықаралық стандарттары;
  - 10) **муниципалдық бағалы қағаздар** – Қазақстан Республикасы облысының, Республикалық маңызы бар қаласының және астанасының жергілікті атқарушы органдары, сондай-ақ шет мемлекеттердің

муниципалдық субъектілерінің атқарушы органдары шығарған, бағалы қағаздар;

- 11) **АЕК** – зейнетақыларды, жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есеп берушік көрсеткіш, оның мәні тиісті жылдарға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді;
- 12) **жер қойнауын пайдаланушы** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында мұнай операцияларын қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану және/немесе су пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына иеленген, заңды тұлға;
- 13) **уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісі** – уәкілетті орган бекіткен және эмитенттерге және олардың Биржада айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ Биржа тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды анықтайтын, нормативтік құқықтық акт;
- 14) **АҚШ БЕЖҚ** – Америка Құрама Штаттарындағы қаржылық бухгалтерлік есеп стандарттары жөніндегі Кеңес әзірлеген, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп берушілігілікті жасаудың жалпы қабылданған стандарттары;
- 15) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 06 қыркүйегіндегі шешімімен алынып тасталған);*
- 16) **is2in жүйесі** – Биржа мен оның клиенттері арасында, Биржаның меншік құқығында тиесілі, Биржаның ішкі құжаттарында анықталған листингілік және басқа да процедураларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін "Issuers to investors" атты мамандандырылған электрондық құжат айналым жүйесі;
- 17) **уәкілетті орган** – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын, мемлекеттік органы;
- 18) **жылжымайтын мүлік қоры** – қызметінің айрықша түрі "Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы" Қазақстан Республикасының заңында және оның инвестициялық декларациясында белгіленген талаптарға сәйкес анықталатын, осы қоғамның акционерлері оның акцияларын, заңды тұлғаны жылжымайтын мүлік қорына айналдыру нәтижесінде қабылданған, басқа да активтерді, сондай-ақ осындай инвестициялау нәтижесінде алынған активтерді жылжымайтын мүлікке және осы Заңда рұқсат етілген басқа да мүлікке төлеуге енгізген ақшаны жинақтау және инвестициялау болып табылатын, акционерлік инвестициялық қор;
- 19) **CFI** – ұқсас тектік белгілері бар қаржы құралдары туралы (шығарылым түрі, тұрпаты және нысаны туралы, айналым және өтеу ерекшеліктері туралы, басқа да елеулі құқықтар мен сипаттамалар туралы) елеулі ақпаратты қамтитын, 6-разрядты әріптік код;
- 20) **ETF** – бағасы/құрылымы базалық активтің/индекстің бағасына/құрылымына сәйкес өзгертін, биржалық инвестициялық қор (exchange-traded fund);
- 21) **IPO/SPO** – тұлғалардың шектелмеген тобына акцияларды бастапқы жария ұсыну (Initial public Offering) немесе тұлғалардың шектелмеген тобына акцияларды қайталап көпшілікке ұсыну (Secondary Public Offering));
- 22) **ISIN** – бағалы қағаздарды сәйкестендіру және есепке алуды жүйелеу мақсатында "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі

- Орталық депозитарий) немесе бағалы қағаздарды нөмірлейтін халықаралық агенттігі беретін әріптік-сандық код;
- 23) **WFE** – бағалы қағаздар мен туынды құралдардың сауда-саттығын ұйымдастырушылардың дүниежүзілік федерациясы;
- 24) ESG облигациялары – БҚН туралы заңда белгіленгендей, "жасыл", элеуметтік облигациялар, тұрақты даму облигациялары немесе тұрақты дамуға байланысты облигациялар (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 06 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген*).
2. Осы Ережелерде пайдаланылатын басқа да ұғымдар мен шартты белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар мен шартты белгілерге ұқсас.

## 2 бап.

### Биржаның бағалы қағаздар тізімі

1. Биржаның бағалы қағаздарының тізімі Биржаның ресми тізімінен, "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторынан, сондай-ақ Биржаның өзге ішкі құжаттарында қарастырылған және Биржаның ресми тізімінің бөлігі болып табылмайтын, жекелеген алаңдардан және/немесе секторлардан тұрады.

Биржаның бағалы қағаздар тізіміндегі бағалы қағаздардың тізімі, сондай-ақ осындай бағалы қағаздар туралы мәліметтер, интернет-ресурста ақпаратты жариялаудың құрамы, тәртібі және шарттары анықталған Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, Биржаның ресми интернет – ресурсында – [www.kase.kz](http://www.kase.kz) жариялануы тиіс.

2. Биржаның ресми тізімі төрт сауда-саттық алаңына бөлінеді:

"Негізгі";

"Баламалы";

"Аралас".

"Жеке орналастыру".

**"Негізгі"** сауда-саттық алаңы мыналарға бөлінеді:

"Акциялар" секторы келесі санаттарға бөлінеді:

"Премиум";

"Стандарт";

"Борыштық бағалы қағаздар" келесі санаттарға бөлінеді:

"Облигациялар";

"Коммерциялық облигациялар";

"Буферлік";

"Банктік депозиттік сертификаттар" секторы.

**"Баламалы"** сауда-саттық алаңы мыналарға бөлінеді:

"Акциялар секторы";

"Борыштық бағалы қағаздар" келесі санаттарға бөлінеді:

"Облигациялар";

"Коммерциялық облигациялар";

"Буферлік".

**"Аралас"** сауда-саттық алаңы мыналарға бөлінеді:



"Исламдық бағалы қағаздары" секторы;

"Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторы;

"Туынды бағалы қағаздар" секторы;

"Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторы;

"Мемлекеттік бағалы қағаздар" секторы;

"KASE Global" секторы.

"Жеке орналастыру" сауда-саттық алаңы БҚН туралы заңның талаптарына сәйкес жеке орналастыруға жататын мемлекеттік емес облигацияларға арналған.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы және 2021 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*

### 3 бап.

#### **Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысы**

1. Қандай да бір бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне жіберудің бастамашысы тек осы бағалы қағаздардың эмитенті немесе "қор" санаты бойынша Биржаның мүшесі бола алады, оның бастамасы бойынша эмитенттің бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізіледі (бұдан әрі – рұқсаттама бастамашысы).
2. Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу және олардың онда бағалы қағаздар эмитенті ретінде болу үдерісінде бағалы қағаздардың эмитенті болып табылмайтын өзге заңды тұлға, оның ішінде листингілік критерийлерге және/немесе талаптарға сәйкестігін тексеру мақсатында қаралуы мүмкін.

Биржа Эмитент ретінде кепілдікті берген тұлғаны (егер борыштық бағалы қағаздар немесе исламдық бағалы қағаздар заңды тұлғаның кепілдігімен шығарылған болса) немесе бағалы қағаздарға қатысты оларды шығару аңдатпасында қарастырылған бағалы қағаздарды ұстаушыларға барлық төлемдерді қамтамасыз ету міндеттемесін өзіне алған заңды тұлғаны қарастырады, осы бағалы қағаздар эмитентінде борыштық бағалы қағаздарды ұстаушыларға тиесілі негізгі борыштық және есептелген сыйақының толық сомасын төлеу үшін ақша ағындарының (ақшасының) болуы (исламдық бағалы қағаздары бойынша – исламдық бағалы қағаздарды ұстаушыларға тиесілі толық соманы төлеу үшін бағалы қағаздар эмитентінде ақша ағынының (ақшаның) болуы) тиіс.

Кепілдік деп үшінші тұлғаның шартсыз және қайтарып алынбайтын міндеттемесі түсініледі:

- 1) борыштық бағалы қағаздар бойынша – эмитенттің тиісті төлемдер күніне номиналды құнын және купондық сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындауы үшін жауап беру;
  - 2) исламдық бағалы қағаздар бойынша – тиісті төлемдер күніне исламдық бағалы қағаздарды ұстаушыларға тиесілі толық соманы төлеу үшін ақша ағындарының болуын қамтамасыз ету.
3. Қандай да бір эмитенттің қандай да бір бағалы қағаздары осы баптың 2 тармағының нормаларын ескере отырып, Биржаның ресми тізіміне енгізілсе, осы эмитенттің өзге бағалы қағаздары эмитент пен оның бағалы қағаздары сәйкес келетін секторда немесе тиісті алаң санатында енгізілетін және болатын болады. Осы баптың 2 тармағында белгіленген шарттар осы эмитенттің өзге бағалы қағаздарына қатысты қолданылмайды.
  4. Мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе басқа мемлекеттің кепілдігімен шығарылған болса, Биржа

кепілгерді осы баптың 2 тармағына сәйкес бағалы қағаздар эмитенті ретінде қарастырмайды.

Биржаның ресми тізіміне енгізу жоспарланып отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасының рейтингтік бағасынан төмен емес қолданыстағы тәуелсіз рейтингтік бағасы бар басқа мемлекеттің шартсыз және қайтарып алынбайтын кепілдігі бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар болған кезде осы бағалы қағаздар "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Борыштық бағалы қағаздар" секторының "Облигациялар" санаты бойынша енгізілетін және осында тұратын болады. Осы эмитенттің өзге бағалы қағаздары эмитент пен оның бағалы қағаздары сәйкес келетін секторда немесе тиісті саудасаттық алаңының санатында енгізілетін және тұратын болады. Осы абзацта белгіленген шарт Биржаның ресми тізімінің "Аралас" сауда-саттық алаңына енгізу жоспарланған бағалы қағаздарға қатысты қолданылмайды.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген инвестициялық үлеспұлдар қорының бағалы қағаздарының эмитенті ретінде Биржа осы инвестициялық үлеспұлдар қорының басқарушы компаниясын қарайды.

Биржа Қазақстан Республикасының заңнамасынан басқа басқа да заңнамаға сәйкес тіркелген инвестициялық қордың бағалы қағаздарының эмитенті ретінде, сондай-ақ ETF және ETN ретінде балансында ETF немесе ETN қаржылық көрсеткіштері көрсетілетін осы инвестициялық қордың немесе ұйымның активтері есепке алынатын тұлғаны немесе тіркелген елдің заңнамасына сәйкес қордың активтерін сақтауды немесе көрсеткіштерін ETF немесе ETN есепке алуды қамтамасыз ететін эмитент немесе ұйым ретінде анықталған, тұлғаны қарастырады.

#### 4 бап.

#### Биржаның бағалы қағаздар тізімін қалыптастыру

1. Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу және олардың осында болуы үшін қойылатын, листингілік критерийлер мен талаптар осы Ережелердің 11 бабында белгіленген.

Биржаның ресми тізімінің бөлігі болып табылмайтын, жекелеген сауда-саттық алаңдарға немесе секторларға, сондай-ақ "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторына қаржы құралдарының айналысқа жіберілуі және олардың, осында болуы бойынша талаптар Биржаның өзге ішкі құжаттарында анықталады.

2. Листингілік комиссияның немесе Биржа Басқармасының бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу, бағалы қағаздарды Биржаның бір санатынан немесе ресми тізімінің сауда-саттық алаңынан басқасына ауыстыру және бағалы қағаздарды делистингі туралы шешім қабылдауы үшін, листингілік процедураларды жүзеге асыру тәртібін анықтайтын Биржаның ішкі құжатына сәйкес дайындалған, тұжырымдама негіз болып табылады. Тұжырымдамаларды дайындауды, негізгі функциясы эмитенттер мен олар шығарған бағалы қағаздардың листингілік критерийлерге және/немесе талаптарға сәйкестігін тексеру болып табылатын, Биржа бөлімшесі (бұдан әрі – Биржаның уәкілетті бөлімшесі) жүзеге асырады.
3. Биржаның уәкілетті бөлімшесінің эмитенттің және оның бағалы қағаздарының листингілік критерийлерге және/немесе талаптарға сәйкестігі туралы тұжырымдама дайындауы осы Ережелерде және Биржаның листингілік процедураларды жүзеге асыру тәртібін анықтайтын ішкі құжатында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, рұқсаттама бастамашысының Биржаға берген өтініші және осы Ережелердің 2 қосымшасында тізілген құжаттар жиынтығы негізінде жүзеге асырылады.
4. Эмитент Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізуге дайындық шеңберінде эмитенттің және ол шығаруға жоспарлайтын беймемлекеттік облигациялардың листингілік критерийлерге және/немесе эмитенттің

бейемлекеттік облигацияларын Биржаның ресми тізіміне енгізуге және олардың онда тұруына қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы алдын ала тұжырымдама (бұдан әрі – алдын ала тұжырымдама) алу үшін Биржаға өтініш жасауға құқылы.

Биржа алдын ала тұжырымдаманы бағалы қағаздар шығарылымын тіркегенге дейін осындай тіркеу үшін дайындалған құжаттар жобаларының негізінде бере алады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы және 2022 жылдың 06 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

5. Бағалы қағаздардың және олардың эмитентінің қолданылатын листингілік критерийлер мен талаптарға сәйкестігі, сол сияқты Биржаға рұқсаттама бастамашысының осы Ережелерде және Биржаның листингілік процедураларды жүзеге асыру тәртібін анықтайтын ішкі құжатында белгіленген нормаларға толық сәйкес құжаттарды (ақпаратты, мәліметтерді) ұсынуы Биржаға бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу бойынша немесе бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінің бір санатынан немесе сауда-саттық алаңынан екіншісіне ауыстыру бойынша міндеттемелерді жүктемейді.

Листингілік комиссия немесе Биржа Басқармасы бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізуден, сондай-ақ бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінің бір санатынан немесе сауда-саттық алаңынан басқасына ауыстырудан, осы Ережелерді орындауға байланысты емес басқа да негіздер болған кезде, бас тартуға құқылы.

Листингілік комиссиясы немесе Биржа Басқармасының пікірі бойынша бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу, бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінің бір санатынан немесе сауда-саттық алаңынан басқасына ауыстыру, бағалы қағаздар делистингі мәселесі бағалы қағаздар нарығындағы инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін елеулі түрде қозғаса, Листингілік комиссия немесе Биржа Басқармасы, мерзімін кейінге қалдыра отырып, мұндай кейінге қалдыру Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмесе, осындай шешім қабылданған күннен бастап алты айдан аспайтын мерзімге, шешім қабылдауға құқылы.

6. Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу (листинг) осы бағалы қағаздардың тиісті сектордағы және/немесе санаттағы тиісті сауда-саттық алаңында Биржаның сауда-саттық жүйесінде айналысқа жіберілуін білдіреді. Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінен шығару (делистинг) бағалы қағаздардың Биржаның сауда-саттық жүйесіндегі айналымын тоқтатуды білдіреді.
7. Бағалы қағаздар Биржаның ресми тізімінде болған кезеңде олар бір санаттан немесе Биржаның ресми тізімінің сауда-саттық алаңынан екіншісіне ауыстырылуы мүмкін. Бағалы қағаздарды осындай ауыстыру үшін негіздер осы Ережелердің 17 бабында анықталған.
8. Бағалы қағаздарды Биржаның бір санатынан немесе ресми тізімінің сауда-саттық алаңынан басқасына ауыстыру, бағалы қағаздар делистингі, сауда-саттықтың ашылу мерзімін ұзарту мәселелері бойынша шешімдер қабылдау құзыретіне жатады:
  - Листингілік комиссия – бағалы қағаздар Биржаның ресми тізіміне толық листингілік процедура бойынша енгізілсе;
  - Биржа Басқармасы – бағалы қағаздар Биржаның ресми тізіміне жеңілдетілген листингілік процедуралар бойынша енгізілсе.
9. Борыштық бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінің тиісті сауда-саттық алаңының "буферлік" санатына және кері қарай бұрынғы санатына ауыстыру туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ листингілік компанияның өзі шығарған борыштық бағалы қағаздарды "буферлік" санатына ауыстыру үшін

негіздерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қабылдау немесе қабылдамау листингілік комиссияның құзыретіне жатады.

10. Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінен шығару (делистингілеу) үшін негіздер осы Ережелердің 19 бабында анықталған.

## 5 бап.

### Листингілік процедуралар туралы жалпы ережелер

1. Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу, бағалы қағаздарды Биржаның бір санатынан немесе ресми тізімінің сауда-саттық алаңынан екіншісіне ауыстыру және бағалы қағаздардың делистингі келесілерді қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін:

- толық листингілік процедура;
- жеңілдетілген листингілік процедура.

2. Толық листингілік процедура, Биржаның ресми тізіміне жеңілдетілген листингілік процедура бойынша енгізілетін бағалы қағаздарды қоспағанда, барлық бағалы қағаздарға қатысты қолданылады.

Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу, бағалы қағаздарды Биржаның бір санатынан немесе ресми тізімінің сауда-саттық алаңынан екіншісіне ауыстыру және толық листингілік процедураларды қолдана отырып, бағалы қағаздардың делистингі Листингілік комиссияның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу, бағалы қағаздарды Биржаның бір санатынан немесе ресми тізімінің сауда-саттық алаңынан екіншісіне ауыстыру және жеңілдетілген листингілік процедураларды қолдана отырып, бағалы қағаздардың делистингі Биржа Басқармасының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

3. Жеңілдетілген листингілік процедура мыналарға қатысты қолданылады:
  - 1) акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын эмитенттің бағалы қағаздары;
  - 2) коммерциялық облигациялар;
  - 3) шығаруы шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес жоспарланған, Қазақстан Республикасының резидент ұйымының бағалы қағаздары;
  - 4) осы баптың 4 тармағында белгіленген шарттар орындалған кезде WFE толық мүшесі болып табылатын қандай да бір қор биржасының ресми тізімінде тұрған бағалы қағаздар, оның ішінде депозитарлық қолхаттарды (депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 4-1) осы Ережелердің 1 қосымшасының 16 кестесінде белгіленген листингілік талаптарға сәйкес келген кезде, Биржаның ресми тізімінің "Аралас" сауда-саттық алаңының "KASE Global" секторына енгізуге жоспарланатын шетелдік эмитенттің акциялары мен ETF бағалы қағаздары (бұдан әрі – шетелдік эмитенттің бағалы қағаздары) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 27 қазанындағы және 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен енгізілген)*;
  - 5) халықаралық қаржы ұйымы шығарған немесе шығаруы жоспарланған, бағалы қағаздар (халықаралық қаржы ұйымының сөзсіз және қайтарып алынбайтын кепілдігімен шығарылған немесе шығаруы жоспарланған, бағалы қағаздар);

- 6) шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, муниципалдық бағалы қағаздар және шетелдік мемлекеттік бағалы қағаздар;
  - 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;
  - 8) Биржа шығарған бағалы қағаздар.
4. Бағалы қағаздар, оның ішінде депозитарлық қолхаттар (депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар) WFE толық мүшесі болып табылатын қандай да бір қор биржасының ресми тізімінде болса, көрсетілген бағалы қағаздар Биржаның ресми тізіміне, мынадай шарттарды орындаған кезде, жеңілдетілген процедура бойынша енгізілуі мүмкін *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*:
- 1) осы бағалы қағаздар және олардың эмитенті тиісті сауда-саттық алаңдар (секторлар/санаттар) үшін белгіленген листингілік критерийлерге және/немесе талаптарға сәйкес келеді);  
осы депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар және акциялар эмитенті осы Ережелердің 1 қосымшасының 12 кестесінде анықталған листингілік талаптарға сәйкес келеді;
  - 2) осы бағалы қағаздардың эмитенті туралы ақпараттар, қор биржасын (қор биржаларын) заңды тұлға ретінде тіркеген елдің заңнамасына сәйкес және эмитенттің бағалы қағаздары соның тізіміне енгізілген, қор биржасының (қор биржаларының) ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.  
Биржаның ресми тізіміне жеңілдетілген процедура бойынша депозитарлық қолхаттар енгізілсе, осы тармақшаның бірінші абзацында белгіленген талаптар депозитарлық қолхаттардың эмитентіне емес, осы депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялардың эмитентіне қатысты қолданылады.
5. Алдын ала тұжырымдама беру, толық немесе жеңілдетілген процедуралады қолдана отырып, бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу, бағалы қағаздарды Биржаның бір санатынан немесе ресми тізімінің сауда-саттық алаңынан екіншісіне ауыстыру, эмитентті ауыстыру және бағалы қағаздар делистингінің тәртібі Биржаның листингілік процедураларды жүзеге асыру тәртібін анықтайтын, жеке ішкі құжатында белгіленген.
6. Листингілік процедураларды жүзеге асыру нәтижесінде қабылданған, Биржа органдары шешімдерінің күшіне ену тәртібі листингілік процедураларды жүзеге асыру тәртібін анықтайтын, Биржаның жеке ішкі құжатында белгіленген.

## 6 бап.

### Қаржылық кеңесші

1. Бағалы қағаздардың эмитенті дербес түрде осы бағалы қағаздарды Биржаға жіберудің бастамашысы болып табылса және, бұл ретте, эмитент қаржы ұйымы болып табылмаса, бағалы қағаздар листингі үдерісіне қаржылық кеңесшінің қатысуы міндетті.
2. Биржада бағалы қағаздар листингінің мақсаттары үшін құжаттарды дайындау үдерісіне қатысуға құқылы қаржылық кеңесші "қор" санаты бойынша Биржа мүшесі ғана бола алады. Мұндай қаржылық кеңесшінің мыналарды дайындау үдерісіне қатысуы міндетті:
  - бағалы қағаздардың шығарылым аңдатпасы;
  - инвестициялық меморандум.

3. Қаржылық кеңесшінің өкілеттіктері рұқсаттама бастамашысы берген және рұқсаттама бастамашысының осыған уәкілденген өкілі қол қойған, Бағалы қағаздар листингі мәселелері бойынша Биржамен өзара іс-қимыл жасайтын қаржылық кеңесшінің қызметкері (қызметкерлері) туралы ақпаратты қамтитын тиісті құжатпен расталады.
4. Осы баптың 1 тармағының талаптары жеңілдетілген листингілік процедура бойынша бағалы қағаздар листингі жағдайларында, сондай-ақ "Жеке орналастыру" сауда-саттық алаңын мемлекеттік емес облигациялардың листингі кезінде қолданылмайды (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген*).

**7 бап. Листингілік алымдар**

1. Бағалы қағаздарды ресми тізімге енгізу және олардың осында тұрғаны үшін Биржа келесі листингілік алымдарды алады:
  - 1) алдын ала тұжырымдама бергені үшін;
  - 2) бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізгендегі өтінішті қарау үшін;
  - 3) бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізгені үшін;
  - 4) бағалы қағаздардың Биржаның ресми тізімінде болған әр жылы.
2. Листингілік алымдардың мөлшерін, төлеу мерзімдері мен тәртібі Биржаның жеке ішкі құжатымен анықталады.

**8 бап. Листингілік келісім-шарт**

1. Листингілік келісім-шарт қосылу келісім-шарты болып табылады және Биржа мен рұқсаттама бастамашысы арасындағы мынадай қарым-қатынастарды анықтайды:
  - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Ережелерде және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес эмитенттің бағалы қағаздарын Биржаның ресми тізіміне енгізу;
  - 2) рұқсаттама бастамашысының Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Ережелерде және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында қарастырылған талаптарды сақтау және орындау жөніндегі міндеттемесі;
  - 3) осы Ережелерге және Биржаның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес эмитенттің бағалы қағаздарының Биржаның ресми тізімінде болуы.
2. Рұқсаттама бастамашысының осы Ережелердің 4 немесе 6 қосымшасында келтірілген нысаны бойынша өтінішке қол қоюы листингілік келісім-шартқа қосылу (осы Ережелердің 5 қосымшасының нысаны бойынша) және осы келісім-шартты жасасуға келісім беру болып табылады.
3. Бағалы қағаздар Биржаның ресми тізіміне енгізілген күннен бастап (ресми тізімге жаңадан енгізілетін бағалы қағаздар бойынша) немесе рұқсаттама бастамашысы осы Ережелердің 6 қосымшасында келтірілген нысан бойынша осы келісім-шартқа қосылу туралы өтінішке қол қойған күннен бастап, егер рұқсаттама бастамашысы Биржаның ресми тізімінде тұрған бағалы қағаздар бойынша листингілік келісім-шарт бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдайтын болса, листингілік келісім-шарт рұқсаттама бастамашысымен жасалған болып есептеледі. Солар бойынша рұқсаттама бастамашысы болған барлық бағалы қағаздардың делистингі күнінен бастап, рұқсаттама бастамашысымен листингілік келісім-шарт бұзылды деп есептеледі.

4. Бағалы қағаздардың мынадай түрлерін Биржаның ресми тізіміне енгізген кезде, рұқсаттама бастамашысы мен Биржаның арасында листингтік келісім-шарт жасалмайды:
  - 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, муниципалдық бағалы қағаздар және шетелдік мемлекеттік бағалы қағаздар;
  - 2) халықаралық қаржы ұйымы шығарған, бағалы қағаздар (халықаралық қаржы ұйымының шартсыз және қайтарып алынбайтын кепілдігімен шығарылған, бағалы қағаздар), сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымымен шығаруы жоспарланған, бағалы қағаздар (халықаралық қаржы ұйымының шартсыз және қайтарып алынбайтын кепілдігімен шығаруға жоспарланған, бағалы қағаздар);
  - 3) "Аралас" сауда-саттық алаңының "KASE Global" секторына енгізуге жоспарланған шетелдік эмитенттің бағалы қағаздары (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 27 қазанындағы және 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен енгізілген*).

## 9 бап.

### Қаржылық есеп берушілік

1. Бағалы қағаздары Биржаның (оригинатордың, басқарушы компанияның, ETF қаржылық көрсеткіштері көрсетілетін ұйымның) ресми тізіміне енгізілуі немесе осы тізімде тұрған, эмитенттің (оның ішінде базалық активтің эмитентінің) қаржылық есеп берушілігі Биржа белгілеген кезеңдер үшін жасалады:
  - 1) эмитент (оригинатор, басқарушы компания, ETF қаржылық көрсеткіштері көрсетілетін, ұйым) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға болып табылса – БЕХС және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп берушілік туралы заңнамасына сәйкес;
  - 2) эмитент (оригинатор, басқарушы компания, ETF қаржылық көрсеткіштері көрсетілетін, ұйым) Қазақстан Республикасының заңнамасына қарағанда өзге юрисдикция заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға болып табылса – БЕХС немесе АҚШ БЕЖҚ сәйкес.
2. Биржаға ұсынылатын қаржылық есеп берушілік немесе шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік, бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілуі болжанатын немесе осында тұрған, эмитенттің (оригинатордың, басқарушы компанияның, ETF қаржылық көрсеткіштері көрсетілетін, ұйымның) еншілес ұйымдары болса, мыналарды қамтуы тиіс:
  - 1) көрсетілген күндегі бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректерді қамтитын, есеп берушік кезеңнің соңғы күнінің соңындағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп;
  - 2) есеп берушік кезеңнің соңғы күніндегі бір жай акцияға базалық және ажыратылған пайда туралы деректерді қамтитын, есеп берушік кезеңдегі пайда мен шығыстар және басқа да жиынтық кіріс туралы есеп;
  - 3) есеп берушік кезеңдегі ақша қозғалысы туралы есеп;
  - 4) есеп берушік кезеңдегі капиталдағы өзгертулер туралы есеп;
  - 5) осы тармақтың 1)-4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға түсіндірме жазба.
3. Бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілуі болжанатын немесе осы тізімде тұрған, эмитенттің қаржылық есеп берушілігі пайдаланушылардың кең ауқымына ашуға міндетті емес кәсіпорындар үшін БЕХС сәйкес жасалмауы тиіс (шағын және орта бизнеске арналған БЕХС).

**10 бап. Аудиторлық ұйым**

1. Бағалы қағаздары Биржаның (оригинатордың, басқарушы компанияның, ETF қаржылық көрсеткіштері көрсетілетін, ұйымның) ресми тізімінде болуы болжанатын немесе эмитенттің қаржылық есеп берушілігіне аудитті немесе шолуды осы Ережелерде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Биржа мойындайтын аудиторлық ұйымдардың тізімінде тұрған аудиторлық ұйымдардың бірі жүргізеді.
2. Биржа мойындайтын аудиторлық ұйымдардың тізімін қалыптастыруды Биржаның Директорлар кеңесінің эмитенттердің аудиті жөніндегі комитеті жүзеге асырады. Бұл тізім Биржаның интернет-ресурсында жарияланады.
3. Биржа қаржылық есеп берушілік бойынша есептерді және/немесе аралық қаржылық есеп берушілікке шолу бойынша есептерді Биржа мойындайтын аудиторлық ұйымдардың тізімінде жоқ аудиторлық ұйымдардан, мынадай шарттар орындалған кезде, қабылдайды:
  - 1) бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілуі мүмкін эмитент (оригинатор, басқарушы компания, ETF қаржылық көрсеткіштері көрсетілетін, ұйым) шет мемлекеттің заңнамасына ("Астана" халықаралық қаржы орталығының заңнамасына) сәйкес заңды тұлға ретінде тіркелген болса;
  - 2) осы аудиторлық ұйымның аудиторлық есептері WFE-нің толық мүшесі болып табылатын шетелдік қор биржасында қабылданады немесе АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясы (SEC) қабылдайды *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Биржаға жылдық қаржылық есеп берушілік немесе аудиторлық есеппен немесе осы есеп берушілікке шолу бойынша есеппен расталған, аралық қаржылық есеп берушілік бойынша аудиторлық есеп берушіліктерді ұсыну күніне аудиторлық ұйым Биржа мойындайтын аудиторлық ұйымдардың тізімінде болмаса немесе осы тізімнің басқа деңгейіне ауыстырылса, бірақ бұл ретте осы есеп берушіліктерді шығару күніне мұндай аудиторлық ұйым тиісті деңгей бойынша аталған тізімде болған болса, Биржа бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу және аталған тізімде болу мақсатында өзі шығарған есеп берушіліктерді қабылдайды.

**11 бап. Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу және олардың аталған тізімде болуы үшін қойылатын, листингілік критерийлер мен талаптар**

1. Бағалы қағаздарды (коммерциялық облигацияларды қоспағанда) енгізу және олардың "Негізгі" сауда-саттық алаңында тұруы үшін листингілік критерийлер осы Ережелердің 1 қосымшасының 1 кестесінде анықталған.
2. Бағалы қағаздарды (коммерциялық облигацияларды қоспағанда) енгізу және олардың "Негізгі" сауда-саттық алаңында тұруы үшін базалық листингілік талаптар осы Ережелердің 1 қосымшасының 2 кестесінде анықталған, бұл ретте:
  - 1) "Негізгі" сауда-саттық алаңының алаңының "Премиум" санаты бойынша "Акциялар" секторына бағалы қағаздарды енгізу және олардың осында тұруы үшін қосымша листингілік талаптар осы Ережелердің 1 қосымшасының 3 кестесінде анықталған.

Эмитенттің артықшылықты акциялары "Премиум" санаты бойынша Биржаның ресми тізімінің "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Акциялар" секторына енгізіледі және осы эмитенттің жай акциялары да көрсетілген санатта болған немесе бір эмитенттің жай және артықшылықты акцияларын көрсетілген секторға "Премиум" санаты бойынша енгізу бір



мезгілде жүзеге асырылған жағдайда ғана аталған санатта болады. Осы шарт орындалмаған жағдайда, қандай да бір эмитенттің артықшылықты акциялары Биржаның ресми тізімінің "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Акциялар" секторына "Стандарт" санаты бойынша енгізіледі немесе аталған санатқа "Премиум" санатынан ауыстырылады;

- 2) "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Стандарт" санаты бойынша "Акциялар" секторына бағалы қағаздарды енгізу және олардың осында тұруы үшін қосымша листингілік талаптар осы Ережелердің 1 қосымшасының 4 кестесінде анықталған;
  - 3) "Негізгі" алаңының "Борыштық бағалы қағаздар" секторына бағалы қағаздарды енгізу және олардың осында тұруы үшін қосымша листингілік талаптар осы Ережелердің қосымшасының 5 кестесінде анықталған;
  - 4) "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Банктік депозиттік сертификаттар" секторына бағалы қағаздарды енгізу және олардың осында тұруы үшін қосымша листингілік талаптар осы Ережелердің 1 қосымшасының 6 кестесінде анықталған.
3. Бағалы қағаздарды (коммерциялық облигацияларды қоспағанда) енгізу және олардың "Баламалы" сауда-саттық алаңында тұруы үшін базалық листингілік талаптар осы Ережелердің 1 қосымшасының 7 кестесінде анықталған, бұл ретте:
- 1) "Баламалы" сауда-саттық алаңының "Акциялар" секторына бағалы қағаздарды енгізу және олардың осында тұруы үшін қосымша листингілік талаптар осы Ережелердің 1 қосымшасының 8 кестесінде анықталған;
  - 2) "Баламалы" сауда-саттық алаңының "Борыштық бағалы қағаздар" секторына бағалы қағаздарды енгізу және олардың осында тұруы үшін қосымша листингілік талаптар осы Ережелердің 1 қосымшасының 9 кестесінде анықталған.
4. Акциялар және/немесе борыштық бағалы қағаздар тиісті сектор мен "Негізгі" сауда-саттық алаңының санаты үшін листингілік талаптарға сәйкес келген кезде және осы бағалы қағаздар эмитенті осы Ережелердің 1 қосымшасының 1 кестесінде белгіленген өлшемдерге сәйкес келген кезде осы бағалы қағаздар "Негізгі" сауда-саттық алаңына ғана енгізіледі және орналастырылады және "Баламалы" алаңына енгізілмейді немесе ауыстырылмайды (листингілік комиссияның немесе Биржа Басқармасының шешімімен өзгесі белгіленбесе).

Шетелдік эмитенттің "Аралас" сауда-саттық алаңының "KASE Global" секторына енгізу жоспарланған бағалы қағаздары осы Ережелердің 1 қосымшасының 16 кестесінде анықталған "Аралас" сауда-саттық алаңының "KASE Global" секторының листингілік талаптарына сәйкес келген кезде, осы бағалы қағаздар "Аралас" сауда-саттық алаңының "KASE Global" секторында ғана енгізіледі және осында болады (егер Биржа Басқармасының шешімімен өзгеше белгіленбесе) *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*

5. "Аралас" сауда-саттық алаңына бағалы қағаздарды енгізу және олардың осында тұруы үшін листингілік талаптар":
- 1) "Исламдық бағалы қағаздары" секторы үшін осы Ережелердің 1 қосымшасының 10 кестесінде анықталған;
  - 2) "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторы үшін осы Ережелердің 1 қосымшасының 11 кестесінде анықталған;

- 3) "Туынды бағалы қағаздар" секторы үшін осы Ережелердің 1 қосымшасының 12 кестесінде анықталған;
  - 4) "Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторы үшін осы Ережелердің 1 қосымшасының 13 кестесінде анықталған;
  - 5) "Мемлекеттік бағалы қағаздар" секторы үшін осы Ережелердің 1 қосымшасының 14 кестесінде анықталған;
  - 6) "KASE Global" секторлары осы Ережелердің 1 қосымшасының 16 кестесінде анықталған *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 27 қазанындағы шешімімен енгізілген)*.
6. "Жеке орналастыру" сауда-саттық алаңында жеке орналастыруға жататын мемлекеттік емес облигацияларды қосу және олардың болуы үшін листингілік талаптар осы Ережелердің 1 қосымшасының 15 кестесінде анықталған *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен енгізілген)*.

**11-1 бап. ESG облигацияларының листингінің ерекшеліктері**

1. Егер осы бағалы қағаздар және олардың эмитенті осы Ережелердің 11 бабымен тиісті сауда-саттық алаңдар (секторлар/санаттар) үшін белгіленген листингілік критерийлерге және/немесе талаптарға сәйкес келген жағдайда, ESG облигациялары Биржаның ресми тізіміне енгізілуі мүмкін.
2. ESG облигацияларын шығарудың шарттары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде анықталады.
3. ESG облигациялар шығарылымының аңдатпасын осы облигациялар тіркелген елдің қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті уәкілетті орган тіркеуі тиіс.
4. ESG облигацияларын шығарар алдында эмитент облигациялардың ESG және/немесе осы облигацияларды шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның тұрақты даму саласындағы халықаралық танылған стандарттардың негізгі қағидаттарына сәйкестігі мәніне сыртқы бағалау алу үшін осындай облигацияларды шығару арқылы қаржыландыруға жататын жобаларды тәуелсіз бағалауды жүзеге асыратын ұйымға жүгінуі тиіс.
5. ESG облигацияларын шығару арқылы қаржыландыруға жататын жобаларды тәуелсіз бағалауды жүзеге асыратын ұйымдар атауларының тізбесі Биржаның интернет-ресурсында жарияланады.
6. Алдын ала тұжырымдама беру шеңберінде берілуге, сондай-ақ ESG облигацияларын тиісті алаң секторына/санатына енгізуге жататын құжаттар пакеті осы Ережелерде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Ережелердің 2 қосымшасында, сондай-ақ листингілік процедураларды жүзеге асыру тәртібін анықтайтын Биржаның жеке ішкі құжатында белгіленген.
7. Алдын ала тұжырымдама беру, толық немесе жеңілдетілген процедураларды қолдана отырып, Биржаның ресми тізіміне ESG облигацияларын енгізу, осындай бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінің бір санатынан немесе алаңынан екіншісіне ауыстыру, эмитентті ауыстыру және осындай бағалы қағаздардың делистингі тәртібі Биржаның листингілік процедураларды жүзеге асыру тәртібін анықтайтын жеке ішкі құжатында белгіленген.
8. ESG облигациялары Биржаның ресми тізімінде болған кезеңде олар бір санаттан немесе Биржаның ресми тізімінің алаңынан екіншісіне ауыстырылуы мүмкін. Бағалы қағаздарды осындай аудару үшін негіздер осы Ережелердің 17 бабында анықталған.

9. Бағалы қағаздарды, оның ішінде ESG облигацияларын Биржаның (делистингітің) ресми тізімінен алып тастау үшін негіздер осы Ережелердің 19 бабында анықталған.
10. Енгізуге жоспарланған немесе Биржаның ресми тізімінде тұрған ETF облигацияларының рұқсаттама бастамашысы Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Ережелерге және Биржаның ақпаратты ашуды реттейтін өзге де ішкі құжаттарына сәйкес осы бағалы қағаздар мен олардың эмитенті туралы ақпаратты ашуды қамтамасыз етуге міндетті.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 28 шілдесіндегі шешімімен енгізілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 10 наурызындағы, 2022 жылдың 06 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*

## **12 бап. Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысының құжаттарды ұсынуы**

1. Листингілік процедураларды жүзеге асыру мақсатында Биржа мен рұқсаттама бастамашысы (қаржылық кеңесшісі) арасындағы коммуникация құралы құжаттармен (ақпаратпен, мәліметтермен) алмасу болып табылады:
  - 1) is2in жүйесінде; немесе
  - 2) қағаз тасымалдағыштарда.
2. Рұқсаттама бастамашысы өтініш пен құжаттарды қағаз тасымалдағыштарда берген кезде is2in жүйесі арқылы құжаттармен (ақпаратпен, мәліметтермен) алмасу арқылы листингілік процедураларды жүзеге асыру мүмкін емес болады.

Is2in жүйесінде техникалық жаңылыс анықталған жағдайда листингілік процедуралар осы жүйенің жұмысқа қабілеттілігі қалпына келген сәтке дейін қағаз тасығыштарда жүзеге асырылатын болады.

3. Биржа алдын ала тұжырымдама алуға, бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу, бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінің бір санатынан немесе алаңынан басқасына ауыстыру, эмитентті ауыстыру немесе ерікті делистинг туралы өтінішті осы өтінішпен бірге осы Ережелерде және Биржаның өзге ішкі құжаттарында қарастырылған, мұндай өтінішті қарау және тиісті листингілік процедураларды жүргізу үшін қажетті барлық құжаттарды (мәліметтерді немесе ақпаратты) берген кезде ғана қарауға қабылдайды. Мұндай құжаттарды (мәліметтерді немесе ақпаратты) бермеген немесе ішінара берген кезде Биржа өтінішті қарауға қабылдаудан бас тартады (осы тармақтың екінші абзацында белгіленгенненді қоспағанда) *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.

Биржа Басқармасы бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысына қандай да бір құжатты (қандай да бір мәліметтерді немесе ақпаратты) беру жөніндегі талапты орындау бойынша мерзімін кейінге қалдыру туралы немесе мынадай шарттар сақталған кезде осындай құжатты (осындай мәліметтерді немесе ақпаратты) беру жөніндегі талапты орындамау мүмкіндігі туралы шешім қабылдауға құқылы:

- 1) рұқсаттама бастамашысы биржаға қандай да бір құжатты (қандай да бір мәліметтерді немесе ақпаратты) ұсыну бойынша мерзімін кейінге қалдыру туралы немесе осындай өтініштің себептерін көрсете отырып, осындай құжатты (осындай мәліметтерді немесе ақпаратты) бермеу мүмкіндігі туралы өтінішпен ресми хатпен жүгінді;

осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген хатты алған күні осы эмитенттің басқа бағалы қағаздары Биржаның бағалы қағаздарының ресми тізімінде болады және ағымдағы жылы осы эмитентке және оның бағалы қағаздарына қатысты Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген ақпаратты ашу шарттары мен мерзімдерін бұзу тіркелмеген; неесе

- 2) Биржаның ресми тізіміне енгізу болжанатын бағалы қағаздар осы Ережелердің 5 бабы 3 тармағының 4) немесе 5) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздар болып табылады және WFE толық мүшесі болып табылатын қор биржасында осы бағалы қағаздарды листингілеу (ақпаратты ашу) мақсатында мұндай құжатты (мұндай мәліметтерді немесе ақпаратты) ұсыну талап етілмейді *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Эмитенттің немесе рұқсаттама бастамашысының қандай да бір құжаттары алдыңғы листингілік процедураларді жүзеге асыру және/немесе эмитенттің өзге бағалы қағаздарының биржаның ресми тізімінде болуы шеңберінде биржаға ұсынылған болса және өзекті болып табылса, листинг (бағалы қағаздарды Биржаның бір санатынан немесе ресми тізімінің сауда-саттық алаңынан басқасына ауыстыру, эмитентті ауыстыру) үдерісінде мұндай құжаттарды қайта ұсыну талап етілмейді.
5. Егер Биржаның пікірінше, оларды ұсыну осы бағалы қағаздар листингінің (бағалы қағаздарды бір санатынан немесе ресми тізім алаңынан басқасына ауыстыру) мүмкіндігі туралы негізделген шешім қабылдау үшін қажет болса, Биржа рұқсаттама бастамашысынан осы Ережелерге сәйкес ұсынылуға жататын құжаттардан (ақпараттан, мәліметтерден) басқа қосымша құжаттарды (ақпаратты, мәліметтерді) сұратуға құқылы. Бұл жағдайда өтінішті қарау және қорытындыны дайындау сұрау салынатын құжаттар (ақпарат, мәліметтер) толық көлемде ұсынылғаннан кейін тоқтатылады және қайта басталады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 06 қыркүйегіндегі және 2022 жылдың 30 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

### 13 бап.

#### **АЖ/ТҚҚ сауалнамасы және ішкі бақылау құжаттары**

1. Бағалы қағаздарға рұқсаттама бастамашысымен іскерлік қатынастар орнату мақсатында, егер мұндай қатынастар бұрын белгіленбеген болса, рұқсаттама бастамашысы биржаға алдын ала қорытынды немесе бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтініш бергенге дейін биржаға АЖ/ТҚҚ сауалнамасын және осы сауалнамада көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс (егер мұндай қосу үшін алдын ала қорытынды алу талап етілмесе, бағалы қағаздар эмитентін ауыстыру туралы өтініштер).
2. АЖ/ТҚҚ сауалнамасы рұқсаттама бастамашысының бірінші басшысы немесе оны алмастыруға құқығы бар адам қол қойған қағаз жеткізгіште ұсынылады. АЖ/ТҚҚ сауалнамасында көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын растайтын құжаттар қағаз жеткізгіште түпнұсқалар (түпнұсқалар) немесе нотариалды куәландырылған көшірмелер түрінде ұсынылады. Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес ресімделген құжаттар – егер Биржаның құжаттардың дұрыстығын өзге де қолжетімді ресми көздер арқылы тексеруге мүмкіндігі болмаса апостиль қойылып немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісім-шарттарда белгіленген заңдастырылған тәртіппен ұсынылуы тиіс.
3. Егер бұрын рұқсаттама бастамашысы ұсынған АЖ/ТҚҚ сауалнамасы және оған құжаттар осы Ережелердің талаптарына сәйкес тиісінше ресімделсе және өзекті болса, рұқсаттама бастамашысының АЖ/ТҚҚ сауалнамасын ұсынуы талап етілмейді.

Бұрын ұсынылған АЖ/ТҚҚ сауалнамасында көрсетілген бес және одан аз мәліметтер өзгерген жағдайда, өзгертілген мәліметтердің дұрыстығын растайтын жаңартылған мәліметтер мен құжаттар ілеспе хатпен бірге Биржаға ұсынылады.

Жаңартылған АЖ/ТҚҚ сауалнамасы бұрын ұсынылған АЖ/ТҚҚ сауалнамасында көрсетілген бестен астам мәліметтер өзгерген жағдайда Биржаға ұсынылады.

4. Рұқсаттама бастамашысы тиісті листингтік рәсімді өткізу туралы өтініш бергенге дейін қосымша Биржаға халықаралық экономикалық санкциялар тәртіптемесінің сақталуын қамтамасыз ету бөлігінде ішкі бақылауды ұйымдастыру мәселелері бойынша қағаз жеткізгіште және/немесе электрондық форматта (олардың қағаз нұсқаларының сканерленген көшірмелері түрінде) Биржа клиентінің сауалнамасын және Биржа Басқармасы бекіткен нысандар бойынша халықаралық экономикалық санкциялар тәртіптемесінің сақталғаны туралы куәлік-хатты ұсынуы тиіс.

Егер рұқсаттама бастамашысы бұрын ұсынған осыған ұқсас құжаттар осы Ережелердің талаптарына сәйкес тиісінше ресімделсе және олардың мазмұны өзекті болса, рұқсаттама бастамашысының көрсетілген тармақтың бірінші абзацында көрсетілген құжаттарды ұсынуы талап етілмейді.

5. Егер рұқсаттама бастамашысы және/немесе оның қатысушылары/ акционерлері, сондай-ақ түпкілікті бенефициарлар санкциялар тізімінде болса немесе Биржаның тиісті құрылымдық бөлімшесінің рұқсаттама бастамашысының және/немесе оның қатысушыларының/ акционерлерінің, сондай-ақ санкциялық тізімдерде түпкілікті бенефициарлардың болуына байланысты тәуекелдердің болуы бөлігінде қорытындысы болған жағдайда, Биржа бағалы қағаздарға рұқсаттама бастамашысымен Іскерлік қатынастар орнатудан бас тартуға құқылы.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 30 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*

#### **14 бап. Ақпараттар ашу бойынша жауапкершілік**

1. Биржаның ресми тізіміне енгізілуі болжанатын немесе осы тізімде тұрған бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысы, Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Ережелерге және Биржаның ақпаратты ашуды реттейтін басқа да ішкі құжаттарына сәйкес, осы бағалы қағаздар мен олардың эмитенті туралы ақпаратты ашуды қамтамасыз етуге міндетті.

Биржаға ұсынылатын құжаттарда (ақпаратта, мәліметтерде) олардың таратылуын шектейтін нормалар, өз деректерін ашуға жазбаша келісім бермеген тұлғалардың дербес деректері, коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын ақпарат, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе эмитенттің ішкі құжаттарына сәйкес жария таратуға жатпайтын ақпарат қамтылмауы тиіс.

2. Ақпаратты ашу үдерісінде рұқсаттама бастамашысы осындай ақпаратты ашу үшін Биржаның ішкі құжаттарында анықталған ақпараттық жүйелерді пайдалануға міндетті.

Осы ақпараттық жүйелерді пайдалану кезінде рұқсаттама бастамашысы биржа белгілеген осындай жүйелердегі сәйкестендіруге, олардың парольдік және басқа да қорғалуына қатысты нормаларды немесе ережелерді сақтауға міндетті. Осы ақпараттық жүйелерді рұқсаттама бастамашысы тек Биржа анықтаған ақпаратты ашу немесе алмасу мақсаттары үшін ғана пайдалана алады.

3. Толық листингілік процедураларды қолдана отырып, бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізген кезде эмитент және осы эмитенттің инсайдерлері болып танылатын тұлғалар эмитент және ол шығарған (берген) бағалы қағаздар туралы инсайдерлік ақпараттың көпшілікке ашылуын қамтамасыз етеді, оның ашылуы осы бағалы қағаздармен саудасаттық басталғанға дейін олардың құнының өзгеруіне және эмитенттің қызметіне әсер етеді. Бұл ретте сауда-саттықты бастау (ашу) тәртібі, сауда-

саттықты өткізу регламенті мен шарттарын анықтайтын, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген.

4. Рұқсаттама бастамашысы құжаттардың толықтығына, дәлдігіне, анықтығына, актуалдылығына, сондай-ақ көрсетілген құжаттардың (ақпараттың, мәліметтердің) электрондық нұсқаларында және олардың қағаз тасымалдағыштарда ұсынылған түпнұсқаларында немесе көшірмелерінде қамтылған деректердің бірдей болуына жауапты болады.
5. Биржа мыналар үшін жауапты емес:
  - 1) рұқсаттама бастамашысының эмитент және оның бағалы қағаздары туралы инвесторларда дұрыс емес түсінік қалыптастыруы мүмкін толық емес, дәл емес, дұрыс емес және актуалды емес құжаттарды (ақпарат пен мәліметтерді) ұсынуы;
  - 2) рұқсаттама бастамашысының құжаттарды (ақпарат пен мәліметтерді) жасыруы;
  - 3) Биржаға рұқсаттама бастамашысы ақпаратты ашу жөніндегі талаптарды орындау шеңберінде ұсынған құжаттардағы (ақпараттағы, мәліметтердегі), өзінің дербес деректерін ашуға жазбаша келісім бермеген тұлғалардың дербес деректеріндегі, коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын ақпараттағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе эмитенттің ішкі құжаттарына сәйкес жария таратуға жатпайтын басқа да ақпараттағы мазмұны.

**15 бап.**

**Алдын ала тұжырымдама беру**

1. Алдын ала тұжырымдама беру осы бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысының өтініші және, осы Ережелерге сәйкес ұсынған, құжаттар жиынтығы негізінде жүзеге асырылады.
2. Биржаның алдын ала қорытынды беру мерзімі Биржаның "облигациялар" санаты бойынша тиісті алаңның "Борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізуге жоспарланатын бағалы қағаздар бойынша алдын ала қорытынды беру туралы өтінішті алған күнінен бастап 20 жұмыс күнінен аспайды (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 30 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).
3. Алдын ала тұжырымдама беру кезінде Биржа бағалы қағаздар шығару аңдатпасына Листингілік комиссия ұсынған және Биржаның ресми интернет-ресурсында жарияланған инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша шектеулерді енгізуді ұсынуға құқылы (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 06 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*).

**16 бап.**

**Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу (листинг)**

1. Осы Ережелерде немесе листингілік процедураларды жүзеге асыру тәртібін анықтайтын Биржаның жеке ішкі құжатында жекелеген бағалы қағаздарға қатысты өзгесі белгіленбесе, Биржаның уәкілетті бөлімшесінің эмитенттің және оның бағалы қағаздарының листингілік критерийлерге және/немесе талаптарға сәйкестігі туралы тұжырымдама дайындауына, сондай-ақ бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізуге рұқсаттама бастамашысының осы Ережелердің 4 қосымшаның нысаны бойынша жасалған тиісті өтініші негізінде бастамалайды.
2. Биржаның уәкілетті бөлімшесінің эмитенттің және оның бағалы қағаздарының толық листингілік процедураларға сәйкес листингілік критерийлерге және/немесе талаптарға сәйкестігі туралы тұжырымдама

дайындау және осы тұжырымдаманы Листингілік комиссияның қарауына шығару мерзімі Биржа бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтінішті қарауға қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап 30 жұмыс күннен аспайды.

3. Биржаның уәкілетті бөлімшесінің эмитенттің және оның бағалы қағаздарының жеңілдетілген листингілік процедураларға сәйкес листингілік критерийлерге және/немесе талаптарға сәйкестігі туралы тұжырымдама дайындау және осы Тұжырымдаманы Биржа Басқармасының қарауына шығару мерзімі:
  - 1) осы Ережелердің 5 бабы 3 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген бағалы қағаздар бойынша – Биржа бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтінішті қарауға қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап 10 жұмыс күннен аспайды;
  - 2) осы Ережелердің 5 бабы 3 тармағының 2)-6) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздар бойынша – Биржа бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтінішті қарауға қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күннен аспайды;
  - 3) осы Ережелердің 5 бабы 3 тармағының 8) тармақшасында көрсетілген бағалы қағаздар бойынша – Биржаның тиісті органы осы бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізуді бастамашылау туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күннен аспайды. Бұл ретте бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтініш жасау талап етілмейді.
4. Осы Ережелердің 5 бабы 3 тармағының 7) тармақшасында көрсетілген бағалы қағаздар бойынша Биржа Басқармасы өтінішті қарамай және Биржаның уәкілетті бөлімшесі эмитенттің және оның бағалы қағаздарының листингілік талаптарға сәйкестігі туралы тұжырымдама дайындамай, осындай бағалы қағаздарды Биржаның жеке ішкі құжатына сәйкес Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы шешім қабылдайды.

Бұл ретте аталған бағалы қағаздарды Биржаның сауда-саттық жүйесінде айналысқа жедел жіберу мақсатында Биржа Басқармасы осындай бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізуге қатысты жалпы шешім қабылдауға құқылы.

#### 17 бап.

#### **Бағалы қағаздарды Биржаның бір санатынан немесе сауда-саттық алаңынан басқасына ауыстыру**

1. Бағалы қағаздарды Биржаның бір санатынан немесе ресми тізімінің алаңынан екіншісіне ауыстыру мынадай жағдайлардың бірінде жүзеге асырылады:
  - 1) эмитент және оның бағалы қағаздары "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Акциялар" секторының "Премиум" санаты үшін белгіленген листингілік критерийлер мен талаптарға сәйкес келсе – "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Акциялар" секторының немесе "Баламалы" сауда-саттық алаңының "Акциялар" секторының "Стандарт" санатынан "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Акциялар" секторының "Премиум" санатына;
  - 2) бағалы қағаздар эмитенті "Негізгі" сауда-саттық алаңы үшін белгіленген листингілік критерийлерге сәйкес келсе – "Баламалы" сауда-саттық алаңының "Акциялар" секторынан "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Акциялар" секторының "Стандарт" санатына, сондай-ақ "Баламалы" сауда-саттық алаңының "Борыштық бағалы қағаздар" секторының тиісті санатынан "Негізгі" алаңының "Борыштық бағалы қағаздар" секторының тиісті санатына.

Бұл ретте эмитенттің жылдық қаржылық есеп берушілігіне аудит жүргізген аудиторлық ұйымның бірінші деңгей бойынша Биржа

мойындаған аудиторлық ұйымдардың тізімінде болу талабы эмитенттің келесі қаржылық жылдағы және осы бағалы қағаздардың "Негізгі" алаңында болған кейінгі жылдардағы жылдық қаржылық есеп берушіліктің аудиті шеңберінде міндетті болып табылады;

- 3) Бағалы қағаздардың эмитенті "Негізгі" сауда-саттық алаңы үшін белгіленген листингілік критерийлерге сәйкес келмесе – "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Акциялар" секторының "Стандарт" санатынан "Баламалы" сауда-саттық алаңының "Акциялар" секторына, сондай-ақ "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Борыштық бағалы қағаздар" секторының тиісті санатынан "Баламалы" алаңының "Борыштық бағалы қағаздар" секторының тиісті санатына;
- 4) эмитент пен оның бағалы қағаздары "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Акциялар" секторының "Премиум" санаты үшін белгіленген листингілік талаптарға сәйкес келмесе – "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Акциялар" секторының "Премиум" санатынан "Стандарт" санатына;
- 5) Эмитенттің негізгі борышты және/немесе сыйақыны төлеу бойынша дефолты кезінде (егер борыштық бағалы қағаздардың осы шығарылымы осы эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының Биржаның ресми тізіміндегі жалғыз шығарылымы болып табылған жағдайда, соңғы купондық кезең үшін сыйақыны қоспағанда) немесе эмитенттің директорлар кеңесі (акционерлік қоғамнан басқа, басқа да ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған эмитенттің Байқаушы кеңесі) эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді қабылдаған кезде – Биржаның ресми тізімінің "Негізгі" немесе "Баламалы" алаңының "Облигациялар" және/немесе "Коммерциялық облигациялар" санатынан Биржаның ресми тізімінің тиісті алаңының "Буферлік" санатына;
- 6) эмитенттің бағалы қағаздарын Биржаның ресми тізімінің тиісті алаңының "Буферлік" санатына ауыстыру үшін негіздер жойылған жағдайда және эмитент пен оның бағалы қағаздары "Негізгі" сауда-саттық алаңы үшін белгіленген критерийлерге және/немесе талаптарына сәйкес келген кезде – Биржаның ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "Буферлік" санатынан Биржаның ресми тізімінің "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Облигациялар" және/немесе "Коммерциялық облигациялар" санатына;
- 7) эмитенттің бағалы қағаздарын Биржаның ресми тізімінің тиісті алаңының "Буферлік" санатына ауыстыру үшін негіздер жойылған жағдайда және эмитент пен оның бағалы қағаздары "Баламалы" алаңы үшін белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде – Биржаның ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "Буферлік" санатынан Биржаның ресми тізімінің "Баламалы" алаңының "Облигациялар" және/немесе "Коммерциялық облигациялар" санатына;
- 8) эмитенттің бағалы қағаздарын Биржаның ресми тізімінің тиісті алаңының "Буферлік" санатына ауыстыру үшін негіздер жойылған жағдайда және эмитент пен оның бағалы қағаздары "Баламалы" алаңы үшін белгіленген критерийлерге және/немесе талаптарға сәйкес келген кезде – Биржаның ресми тізімінің "Баламалы" алаңының "Буферлік" санатынан Биржаның ресми тізімінің "Баламалы" алаңының "Облигациялар" және/немесе "Коммерциялық облигациялар" санатына ауыстырылады;
- 9) шетелдік эмитенттің бағалы қағаздары осы Ережелердің 1 қосымшасының 16 кестесінде белгіленген листингілік талаптарға сәйкес келген жағдайда, "Негізгі", "Баламалы" сауда-саттық алаңдарының тиісті секторынан (санатынан) немесе "Аралас" сауда-саттық алаңының тиісті секторынан – "Аралас" алаңының "KASE Global" секторына *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021*



*жылдың 27 қазанындағы шешімімен енгізілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілген).*

2. Биржа, егер заңнамада өзгеше көзделмесе, осы баптың 1 тармағында көрсетілген жағдайлардың кез келгені басталған кезде бағалы қағаздарды бір санаттан немесе алаңнан екіншісіне ауыстыруға дербес бастамашылық жасауға құқылы. Бұл ретте Биржа рұқсаттама бастамашысынан Биржаның пікірінше, осындай ауыстыру туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттарды немесе ақпаратты сұратуға құқылы (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 30 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).

**18 бап.**

**Бағалы қағаздардың эмитентін ауыстыру**

1. Уәкілетті орган эмитенттің атауының өзгеруіне байланысты бағалы қағаздары Биржаның ресми тізімінде тұрған эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымының аңдатпасына/жеке меморандумға өзгертулерді тіркеген жағдайда, онда рұқсаттама бастамашысынан алынған бағалы қағаздар шығарылымының аңдатпасына тіркелген өзгертулердің негізінде, Биржа мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

- 1) жаңа эмитенттің бағалы қағаздары Биржаның ресми тізімінің сауда-саттық алаңында эмитентті ауыстыру жүргізілген бағалы қағаздар сияқты болса, Биржа уәкілетті орган тіркеген бағалы қағаздар шығару аңдатпасына/жеке меморандумға енгізілген өзгертулерге және/немесе толықтыруларға сәйкес Биржаның ішкі жүйелерінде осы бағалы қағаздардың эмитентін, Биржа органдары қандай да бір шешім қабылдамай, ауыстыруды жүзеге асырады;
- 2) жаңа эмитенттің бағалы қағаздары эмитентті ауыстыру жүргізілген бағалы қағаздарға қатысты басқа сауда-саттық алаңында болса немесе жаңа эмитенттің бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілмесе, Биржа Листингілік комиссияның немесе Биржа Басқармасының қарауына бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінің бір алаңынан екіншісіне ауыстыру туралы мәселе шығарады;
- 3) жаңа эмитент және/немесе оның бағалы қағаздары "Негізгі", "Баламалы", "Аралас" немесе "Жеке орналастыру" сауда-саттық алаңдары үшін белгіленген листингілік критерийлерге және/немесе талаптарға сәйкес келмесе, Биржа листингілік комиссияның немесе Биржа Басқармасының қарауына жаңа эмитенттің бағалы қағаздарының делистингі туралы мәселені шығарады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

2. Бағалы қағаздар шығарылымы аңдатпасына/жеке меморандумға тіркелген өзгертулермен бір мезгілде бағалы қағаздардың жаңа эмитенті, ол бұрынғы эмитенттен осы бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысының міндеттерін өзіне алса және/немесе оның құқықтық мирасқоры болып табылса, Биржаға:

- 1) еркін нысанда жасалған және бағалы қағаздардың жаңа эмитентінің бірінші басшысы (немесе оның орнындағы тұлға) қол қойған, жаңа Эмитенттің биржаның ресми тізіміндегі бағалы қағаздар бойынша барлық міндеттемелер бойынша, оның ішінде растаушы құжаттарды қоса бере отырып, листингілік келісім-шартта белгіленген міндеттемелер бойынша бұрынғы эмитенттің құқық мирасқоры болып табылатыны туралы растау хатын; немесе

- 2) бір мезгілде листингілік келісім-шартқа қосылу туралы өтініш болып табылатын осы Ережелердің 6 қосымшасының нысаны бойынша өтініш ұсынады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

3. Егер бағалы қағаздардың жаңа эмитенті бағалы қағаздар шығарылымының аңдатпасына/жеке меморандумға тіркелген өзгерістер ұсынған кезде листингілік компания болып табылмаса және Биржамен өзге себеппен іскерлік қатынастар орнатпаса, осы баптың 2 тармағында көрсетілген құжаттармен бір мезгілде жаңа эмитент АЖ/ТҚҚ сауалнамасын және осы сауалнамада көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттарды, сондай-ақ осы Ережелердің 13 бабының 4 тармағында көрсетілген, бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу мақсаттары үшін осы Ережелерде анықталған құрамдағы және нысандағы құжаттарды ұсынуы тиіс *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы және 2022 жылдың 30 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*
4. Эмитентті ауыстыру, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларында қарастырылған талаптар ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

#### 19 бап.

#### **Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінен шығару (делистинг)**

1. Бағалы қағаздардың ерікті делистингі осы бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысы берген ерікті делистинг туралы еркін нысанда жасалған өтініш негізінде не егер ол рұқсаттама бастамашысы болмаған жағдайда, осы бағалы қағаздар бойынша жыл сайынғы листингілік алымды төлеу бойынша берешек (қойылған төленбеген шот) болмаған жағдайда және мынадай құжаттарды ұсынған кезде бағалы қағаздар эмитентінің өтініші негізінде жүзеге асырылады:
  - 1) осындай шешімдерді қабылдауға құқылы эмитенттің органы қабылдаған бағалы қағаздардың ерікті делистингі туралы шешімнің қабылданғанын растайтын құжат (Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін бағалы қағаздардың ерікті делистингі туралы шешім қабылдауға органның өкілеттігін растайтын құжатты қосымша қоса беру қажет);
  - 2) акциялардың ерікті делистингінің мақсаттары үшін акциялардың ерікті делистингі туралы шешім қабылданған күні жасалған, дауыс беруге қатысқан акционерлер туралы мәліметтер ұсынылады;
  - 3) борыштық бағалы қағаздардың ерікті делистингінің мақсаттары үшін осы бағалы қағаздардың ерікті делистингі туралы шешім қабылданған күні жасалған, дауыс беруге қатысқан осы бағалы қағаздарды ұстаушылардың саны туралы немесе неғұрлым кеш мәліметтер ұсынылады, бірақ бұл ретте осы мәліметтер өтініш берген кезде актуалды болуы тиіс. Осы борыштық бағалы қағаздар орналастырылмаған жағдайда, онда осы бағалы қағаздар жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотында тұрғанын растайтын құжат ұсынылады.
2. Осы баптың 1 тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды (мәліметтерді) беру шарты осы Ережелердің 5 бабы 3 тармағының 4)-6) және 8) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздардың делистингі жағдайларына қолданылмайды.
3. Эмитенттің Биржаның ресми тізіміндегі қандай да бір бағалы қағаздарының (эмитенттің барлық бағалы қағаздарының) делистингі туралы мәселе Листингілік комиссияның немесе Биржа Басқармасының қарауына мынадай негіздер бойынша шығарылады:

- 1) осы Ережелерге немесе Биржаның өзге ішкі құжаттарына сәйкес оның болуы міндетті болып табылса, бір ай ішінде маркет-мейкердің болмауы (Биржаның ресми тізімінің "Аралас" сауда-саттық алаңының "KASE Global" секторында орналасқан шетелдік эмитенттің бағалы қағаздары бойынша үш ай бойы) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 2) эмитенттің бағалы қағаздарын Биржаның ресми тізіміне енгізген кезде рұқсаттама бастамашысы "қор" санаты бойынша Биржа мүшесі болса және бұл ретте рұқсаттама бастамашысы "қор" санаты бойынша Биржа мүшесі болуды тоқтатса және "қор" санаты бойынша Биржаның басқа мүшелерінің ешқайсысы осы фактіден кейін бір ай ішінде осы бағалы қағаздар бойынша рұқсаттама бастамашысының міндеттемелерін өзіне алмаса;
  - 3) Биржа осы алымды төлеуге шот ұсынған тоқсанның соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік айдың соңғы жұмыс күніндегі жағдай бойынша осы бағалы қағаздар бойынша жыл сайынғы листингілік алымды төлеу бойынша өтелмеген берешектің болуы;
  - 4) Биржада сауда-саттық жүргізуді реттейтін Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген мерзімде осы бағалы қағаздармен сауда-саттық ашу жөніндегі талапты сақтамау;
  - 5) қандай да бір бағалы қағаздардың және/немесе олардың эмитентінің листингілік критерийлерге және/немесе талаптарға сәйкес келмеуі;
  - 6) рұқсаттама бастамашысының бағалы қағаздардың Биржаның ресми тізімінде болуы кезеңінде рұқсаттама бастамашысы ашуы тиіс ақпараттың мерзімдерін, тізімін және талаптарын анықтайтын Биржаның ішкі құжатында белгіленген талаптарға сәйкес Биржаның ресми тізіміне бағалы қағаздары енгізілген мерзімді есеп берушілікті және/немесе мәліметтерді, ақпаратты, сондай-ақ эмитенттің ағымдағы қызметі туралы құжаттарды Биржаға ұсыну мерзімдерін жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік 12 ай ішінде 6 және одан көп рет) бұзуы;
  - 7) WFE толық мүшесі болып табылатын қандай да бір қор биржасының ресми тізімінде тұрған бағалы қағаздар (осы депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар/акциялар) үшін осы Ережелердің 5 бабының 4 тармағында белгіленген жеңілдетілген листингілік процедураларды қолдану үшін шарттарды орындамау *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 7-1) Егер бағалы қағаздар эмитенті және/немесе оның қатысушылары/акционерлері, сондай-ақ түпкілікті бенефициарлар санкциялық тізімдерде болса және бағалы қағаздар эмитентінің және/немесе оның қатысушыларының/акционерлерінің, сондай-ақ санкциялық тізімдерде түпкілікті бенефициарлардың болуына байланысты тәуекелдердің болуы бөлігінде Биржаның тиісті құрылымдық бөлімшесінің қорытындысы болған кезде *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 30 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)*;
  - 8) Биржаның пікірі бойынша бағалы қағаздар эмитентінің өз қызметін үздіксіз жалғастыру және/немесе өзі шығарған бағалы қағаздар бойынша міндеттемелер бойынша жауап беру қабілетіне елеулі әсер етуі мүмкін басқа да мән-жайлардың болуы.
4. Осы баптың 1 және 3 тармақтарында көрсетілген негіздерден басқа, Эмитенттің биржаның ресми тізіміндегі барлық бағалы қағаздарының делистингі туралы мәселе уәкілетті органның тиісті нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жағдайлардың кез келгені орын алған кезде Листингілік комиссияның немесе Биржа Басқармасының қарауына шығарылады.

5. Биржа оның негізінде бағалы қағаздардың делистингі туралы мәселе қаралуы мүмкін үшінші тұлғалардан, оның ішінде ашық ресми көздерден ақпарат алған кезде, Биржа рұқсаттама бастамашысынан өзі алған ақпаратты растауды немесе теріске шығаруды сұратуға міндетті. Биржаның мұндай растауды немесе теріске шығаруды алу мерзімін Биржа белгілейді, бірақ ол күнтізбелік 30 күннен аспауы тиіс.

Биржаның мұндай ақпаратты белгіленген мерзімде теріске шығармауы бағалы қағаздар делистингі процедурасын бастамалау үшін негіз болып табылады.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген алынған ақпарат негізінде рұқсаттама бастамашысы түсіндіргенге дейін немесе осы эмитенттің бағалы қағаздарын делистинг күніне дейін осы бағалы қағаздардың сауда-саттығы Биржа Басқармасының шешімі бойынша тоқтатыла тұруы мүмкін.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген ақпарат расталған жағдайда Листингілік комиссияның немесе Биржа Басқармасының қарауына бағалы қағаздардың делистингі туралы мәселе шығарылады. Көрсетілген ақпарат теріске шығарылған жағдайда Биржа Басқармасының қарауына осы эмитенттің бағалы қағаздарының сауда-саттығын қайта бастау туралы мәселе шығарылады.

6. Биржаның органдары мен лауазымды тұлғалары қандай да бір шешім қабылдамай, бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінен шығару мынадай жағдайлардың кез келгені орын алған кезде ресми көздерден алынған ақпарат негізінде жүргізіледі:
- 1) бағалы қағаздардың айналыс мерзімінің аяқталуы;
  - 2) бағалы қағаздарды, осы бағалы қағаздарды шығару шарттарына сәйкес, бағалы қағаздардың басқа түрлеріне (тұрпатына) айырбастау;
  - 3) акциялардың бір түрін басқа түрдегі акцияларға айырбастау;
  - 4) бағалы қағаздардың күшін жою;
  - 5) бағалы қағаздарды мерзімінен бұрын өтеу;
  - 6) сот шешімінің негізінде осы бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік тіркеуін жарамсыз деп тану.

## **20 бап.**

### **Биржаның ресми тізіміндегі бағалы қағаздардың сауда-саттығы**

1. Биржаның ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздармен сауда-саттықтың басталуы биржада сауда-саттық жүргізуді регламенттейтін Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.
2. Бағалы қағаздар Биржаның ресми тізімінде болған кезеңде осы бағалы қағаздардың сауда-саттықтарының регламенті мен шарттары, сондай-ақ осы бағалы қағаздардың сауда-саттықтарын тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату мерзімдері мен шарттары биржада сауда-саттық өткізуді регламенттейтін Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.
3. Сауда-саттықты жүргізуді регламенттейтін Биржаның ішкі құжаттарында Биржаның қайталама нарығында бағалы қағаздарды ашу (сауда-саттықты бастау) туралы Биржаға өтініш беру мерзімі бойынша рұқсаттама бастамашысына қойылатын талаптар, сондай-ақ осындай мерзімдерді сақтау үшін жауапкершілік белгіленуі мүмкін.

## **21 бап.**

### **Рұқсаттама бастамашысының құқықтары**

Рұқсаттама бастамашысы Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген шарттар мен тәртіп бойынша:

- 1) Биржамен хабар алмасу және ақпаратты ашу үшін Биржаның белгілі бір ақпараттық жүйесіне – is2ip жүйесіне рұқсаттама алу және осы жүйе арқылы Биржаның ішкі құжаттарында анықталған құжаттар мен мәліметтерді беру;
- 2) рұқсат бастамашысының міндеттерін орындау үшін биржадан қажетті және жеткілікті ақпарат алу;
- 3) рұқсаттама бастамашылары үшін Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген жеңілдіктер, көтермелеулер және уәждеменің басқа да нысандарын алу;
- 4) рұқсаттама бастамашысы осы тұлға болып табылатын бағалы қағаздардың ерікті делистингі туралы шешім қабылдау (біржақты тәртіппен);
- 5) Биржа қызметінің мәселелері бойынша ұсыныстарды Биржа органдарының қарауына шығару;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыру.

**22 бап. Рұқсаттама бастамашысының міндеттері**

1. Рұқсаттама бастамашысы міндетті:
  - 1) рұқсаттама бастамашыларының қызметін реттейтін, Биржаның Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Ережелердің және басқа да ішкі құжаттарының талаптарын орындау;
  - 2) листингілік алымдарды және Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылған Биржаның пайдасына басқа да төлемдерді Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген құрамда, мөлшерде, мерзімде және тәртіппен төлеуге;
  - 3) рұқсаттама бастамашысының функцияларын орындауға байланысты алынған және Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес құпия (коммерциялық немесе банктік құпия) санатына жатқызылған ақпаратты айрықша рұқсатсыз үшінші тұлғаларға таратпауға және бермеуге);
  - 4) осы Ережелерде және Биржаның өзге ішкі құжаттарында белгіленген ақпаратты ашу жөніндегі талаптарды уақтылы және толық көлемде орындау;
  - 5) Биржа органдары қабылдаған шешімдерді мойындау және орындау;
  - 6) осы рұқсаттама бастамашысынан Биржамен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті тұлғалар туралы мәліметтерді Биржаға уақтылы ұсыну.
2. Рұқсаттама бастамашысы Биржаға оның сұрау салуы бойынша, солардың рұқсаттама бастамашысы болып табылатын, бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді қадағалауды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды (ақпаратты) беруге міндетті.

**23 бап. Биржаның рұқсаттама бастамашылары алдындағы міндеттері**

Рұқсаттама бастамашылары алдында Биржаның мынадай міндеттері бар:

- 1) рұқсаттама бастамашыларының өз міндеттерін орындауы үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 2) is2ip жүйесіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және осы жүйелер арқылы Биржаның ішкі құжаттарында анықталған құжаттар мен мәліметтерді беру;
- 3) рұқсаттама бастамашысының бағалы қағаздармен сауда-саттық нәтижелерін Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен өзінің интернет-ресурсында тұрақты түрде жариялау;

- 4) рұқсаттама бастамашыларының назарына Биржаның ішкі құжаттарының мәтіндерін оларды Биржаның интернет-ресурсында жариялау және/немесе оларды қабылдау, бекіту немесе өзгерту туралы хабарламалар арқылы жеткізу;
- 5) рұқсаттама бастамашыларынан осы Ережелерге сәйкес ол Биржаға беруі тиіс құжаттарды (ақпаратты) алуына қарай, осы құжаттарды өзінің интернет-ресурсында, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген құрамда, шарттарда және тәртіппен, орналастыруы (осы ақпаратты жариялауы) тиіс;
- 6) заңнамаға және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес ақпаратты ашу және жариялау мақсатында Биржа алатын ақпаратты қоспағанда, рұқсаттама бастамашыларынан алынған және құпия (коммерциялық немесе банктік құпия) санатына жатқызылған ақпаратты таратпауға және үшінші тұлғаларға бермеуге міндетті.

#### 24 бап.

##### **Биржаның жауапкершілігін шектеу**

1. Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу және олардың аталған тізімде болуы осы бағалы қағаздарды сатып алу бойынша ұсыным болып табылмайды және осындай ұсыным ретінде қабылданбауы тиіс.

Биржа бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу, бағалы қағаздарды көрсетілген тізімнің бір санатынан немесе алаңынан екіншісіне ауыстыру және бағалы қағаздарды көрсетілген тізімнен алып тастау жөніндегі өз шешімдері мен іс-әрекеттерінің кез келген салдары үшін, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға инвестициялаудың немесе осындай бағалы қағаздармен кез келген мәмілелер жасасудың кез келген салдары үшін бағалы қағаздар нарығы субъектілері мен басқа да тұлғалар алдында жауапты болмайды.

2. Биржа өзінің ресми тізіміндегі шығарылған бағалы қағаздар бойынша эмитенттердің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, сондай-ақ осындай бағалы қағаздар бойынша кепілгерлердің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды.
3. Рұқсаттама бастамашысы құжаттардың толықтығына, дәлдігіне, анықтығына, актуалдылығына, сондай-ақ көрсетілген құжаттардың (ақпараттың, мәліметтердің) электрондық нұсқаларында және олардың қағаз тасымалдағыштарда ұсынылған түпнұсқаларында немесе көшірмелерінде қамтылған деректердің бірдей болуына жауапты болады.
4. Биржа өзінің ресми тізіміндегі бағалы қағаздар эмитенттері және олардың қызметі туралы ақпаратты Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес ашуға ұмтылады, бірақ мұндай ақпараттың толықтығы, дәлдігі, сенімділігі және өзектілігі, сондай-ақ оны Биржаға беруге міндетті тұлғалардың мұндай ақпаратты жасыруы үшін жауап бермейді.

#### 25 бап.

##### **Өзге дауларды қарау тәртібі**

1. Осы Ережелермен және Биржаның өзге ішкі құжаттарымен реттелмеген, алдын ала тұжырымдама беру, бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу және олардың осы тізімде болуы, бағалы қағаздарды Биржаның бір санатынан немесе ресми тізімінің бір сауда-саттық алаңынан басқасына ауыстыру, эмитентті ауыстыру, бағалы қағаздар делистингі мәселелеріне қатысты мәселелер қолданыстағы заңнамаға сәйкес, ал мұндай рұқсат мүмкін болмаған кезде, – осы мәселелер бойынша шешімдер қабылдау Директорлар кеңесінің немесе Биржа Басқармасының құзыретіне жатқызылмаса, Листингілік комиссияның шешімдеріне сәйкес шешілуі тиіс.

2. Осы Ережелерге енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар, осындай өзгертулер мен толықтыруларды қабылдау және/немесе бекіту кезінде өзгесі белгіленбесе, рұқсаттама бастамашыларына/эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына, сондай-ақ бағалы қағаздардың эмитенті болып табылмайтын, бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу күніне және листингілік шарттардың талаптарына қарамастан, оның бастамасы бойынша қандай да бір бағалы қағаздар Биржаның ресми тізіміне енгізілген, рұқсаттама бастамашысына қатысты қолданылады.

**26 бап. Тұжырымды қағидалар**

1. Осы Ережелер Биржаның интернет-ресурсында жариялануы тиіс.
2. Осы Ережелердің барлық қосымшалары олардың ажырамас бөлігі болып табылады.
3. Осы Ережелер қажеттілігіне қарай, бірақ осы Ережелер қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін, әрбір үш жылда кемінде бір рет актуалдыландыруға жатады.

Басқарма Төрайымы

Алдамберген А.Ө.

**ЛИСТИНГІЛІК КРИТЕРИЙЛЕР МЕН ТАЛАПТАР**

1 кесте. Бағалы қағаздарды (коммерциялық облигацияларды қоспағанда) "Негізгі" сауда-саттық алаңына енгізу және олардың осында болуы үшін қойылатын, листингілік критерийлер

№ р/с	Критерий	Критерийдің мазмұны	Ескертпе/Шарт
A	1	2	3
1.	Эмитенттің жұмыс істеу мерзімі	3 жылдан кем емес	<p>Эмитент бірігу, бөліну, бөлініп шығу нәтижесінде құрылса немесе қосылу, қайта құрылу нәтижесінде қайта ұйымдастырылса, осы бағалы қағаздар эмитентінің жұмыс істеу мерзімін есептеу кезінде эмитенттің жұмыс істеу мерзімі ескерілуі мүмкін.</p> <p>Эмитенттің жұмыс істеу мерзімі бойынша осы критерийді орындау міндетті емес:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– эмитенттің S&amp;P Global Ratings агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-" төмен емес қолданыстағы рейтингілік бағасы және/немесе Fitch Ratings және/немесе Moody ' s Investors Service рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік болған кезде; және/немесен кезде; және/немесе</li> <li>– биржаның ресми тізіміне енгізу жоспарланып отырған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасының рейтингілік бағасынан төмен емес қолданыстағы тәуелсіз рейтингілік бағасы бар басқа мемлекеттің шартсыз және қайтарып алынбайтын кепілдігі болған кезде</li> </ul>
2.	Теңгерім валютасы (актив бойынша эмитенттің қаржылық жағдайы туралы	Соңғы 3 жылдың әрқайсысы үшін кемінде АЕК 2 550 000 еселі мөлшері	Осы критерийге сәйкестікті тексеру соңғы аяқталған үш қаржылық жылдағы (соңғы аяқталған қаржылық жылның алдындағы аяқталған үш қаржылық жыл үшін) аудиторлық



№ р/с	Критерий	Критерийдің мазмұны	Ескертпе/Шарт
А	1	2	3
	есеп берушің жиынтық сомасы)		<p>есептермен расталған жылдық қаржылық есеп берушіліке (өншілес ұйымдар болған кезде – шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліке) сәйкес жүзеге асырылады, – Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтініш соңғы аяқталған қаржылық жыл аяқталған күннен бастап алғашқы төрт ай ішінде берілсе және бұл ретте эмитентте соңғы аяқталған қаржылық жыл үшін аудиторлық есеппен расталған жылдық қаржылық есеп берушілік болмаса).</p> <p>Баланс валютасы бойынша критерийді орындау міндетті емес:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Эмитенттің S&amp;P Global Ratings агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес қолданыстағы рейтингтік бағасы және/немесе Fitch Ratings және/немесе Moody ‘ s Investors Service рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік болған кезде; және/немесе</li> <li>– Биржаның ресми тізіміне енгізу жоспарланып отырған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасының рейтингтік бағасынан төмен емес қолданыстағы тәуелсіз рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттің шартсыз және қайтарып алынбайтын кепілдігі болған кезде</li> </ul>
3.	Эмитенттің сату көлемі (түсімі, негізгі қызметтен түскен кірісі)	Соңғы үш жылдың әрқайсысы үшін кемінде АЕК 3 000 000 еселік мөлшері	Осы критерийге сәйкестікті тексеру соңғы аяқталған үш қаржылық жыл үшін (соңғы аяқталған қаржылық жылның алдындағы аяқталған үш қаржылық жыл үшін) аудиторлық есеппен расталған жылдық қаржылық есеп берушіліке (өншілес ұйымдар болған кезде – шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліке) сәйкес жүзеге асырылады – бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтініш соңғы аяқталған қаржылық жылы аяқталған күннен бастап алғашқы төрт ай ішінде берілсе және, бұл ретте, эмитентте соңғы аяқталған қаржылық жыл үшін аудиторлық

№ р/с	Критерий	Критерийдің мазмұны	Ескертпе/Шарт
А	1	2	3
			<p>есеппен расталған жылдық қаржылық есеп берушілік болмаса).</p> <p>Эмитенттің сату көлемі (түсім, негізгі қызметтен түсетін кіріс) бойынша критерийді орындау міндетті емес:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Эмитенттің S&amp;P Global Ratings агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» деңгейінен төмен емес қолданыстағы рейтингілік бағасы және/немесе Fitch Ratings және/немесе Moody ' s Investors Service рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік болған кезде; және/немесе</li> <li>– Биржаның ресми тізіміне енгізу жоспарланып отырған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасының рейтингілік бағасынан төмен емес қолданыстағы тәуелсіз рейтингілік бағасы бар басқа мемлекеттің шартсыз және қайтарып алынбайтын кепілдігі болған кезде</li> </ul>
4.	Эмитенттің қолданыстағы рейтингілік бағасы	S&P Global Ratings агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB -" деңгейіндегі және/немесе Fitch Ratings және/немесе Moody' s Investors Service рейтингілік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасынан төмен емес	<p>Эмитент осы кестенің 1-3 жолдарында көрсетілген критерийлерді орындаған кезде немесе жоспарланатын критерийдер болған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасының рейтингілік бағасынан төмен емес қолданыстағы тәуелсіз рейтингілік бағасы бар басқа мемлекеттің шартсыз және қайтарып алынбайтын кепілдігінің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздарын биржаның ресми тізіміне енгізуге осы критерийді орындау міндетті емес.</p> <p>Бірнеше рейтингілік агенттіктер берген рейтингілік бағалар болған кезде Биржа басқаларынан кешірек берілген (расталған, өзгертілген) бағаны назарға алады <i>(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 06 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)</i></p>

2 кесте. Бағалы қағаздарды (коммерциялық облигацияларды қоспағанда) "Негізгі" сауда-саттық алаңына енгізу және олардың осында болуы үшін қойылатын, негізгі листингілік талаптар

№ р/с	Талап	Талаптың мазмұны	Ескертпе/Шарт
A	1	2	3
1.	Эмитенттің жылдық қаржылық есеп берушілігі (еншілес ұйымдар болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік)	Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу мақсатында БЕХС немесе АҚШ БЕЖС-на сәйкес жасалған, сондай-ақ аудиторлық есептермен расталған көрсетілген есеп берушілік аяқталған соңғы үш қаржылық жылға ұсынылады	Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтініш соңғы аяқталған қаржы жылы аяқталған күннен бастап алғашқы төрт ай ішінде берілген және бұл ретте эмитентте соңғы аяқталған қаржы жылы үшін аудиторлық есеппен расталған жылдық қаржылық есептілік болмаған жағдайда, эмитенттің аяқталған үш қаржы жылы үшін аудиторлық есептермен расталған жылдық қаржылық есеп берушілігін ұсынуға жол беріледі. Осы кестенің 2 жолында көрсетілген эмитенттің аралық қаржылық есеп берушілігі ұсынылған жағдайда, соңғы аяқталған қаржы жылының алдындағы қаржы жылдарына, жасалған күнінен бастап алты айдан аспайтын уақыт өтуі тиіс <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілген)</i>
2.	Аралық қаржылық есеп берушілік (еншілес ұйымдар болған кезде – шоғырландырылған аралық қаржылық есеп берушілік)	Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу мақсатында БЕХС немесе АҚШ БЕЖС-на сәйкес жасалған көрсетілген қаржылық есеп берушілік аудиторлық есеппен немесе осы есеп берушілікті шолу жөніндегі есеппен расталуы тиіс, ол жасалған күннен бастап Биржаға бағалы қағаздар листингі туралы тиісті өтініш берген күнге дейін алты айдан аспауы тиіс	Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу мақсаттары үшін осы кестенің 1 жолында қарастырылған жағдайда, сондай-ақ бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтінішті рұқсаттама бастамашысы ағымдағы жылдың 31 тамызынан кейін берген жағдайда ғана беріледі. Эмитенттің көрсетілген аралық қаржылық есеп берушілігін ұсыну міндетті емес талаптар: – егер тізімдеріне осы бағалы қағаздар енгізілген қор биржасы (қор биржалары) осы есеп берушілікті ұсынуды талап етпесе <i>(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 27 қазанындағы шешімімен өзгертілген)</i> ; – егер тізіміне осы бағалы қағаздарды енгізу жоспарланып отырған басқа қор биржасы осы есеп берушілікті ұсынуды

Листингтік ережелер

№ р/с	Талап	Талаптың мазмұны	Ескертпе/Шарт
A	1	2	3
			талап етпесе, шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығару жоспарланатын бағалы қағаздарды енгізгенде
3.	Аудиторлық ұйым	Эмитенттің жылдық қаржылық есеп берушілігінің (Эмитенттің аралық қаржылық есеп берушілігінің) аудитін бірінші деңгей бойынша Биржа мойындайтын аудиторлық ұйымдардың тізіміндегі аудиторлық ұйым жүргізуі тиіс	Осы Ережелердің 10 бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып
1.	Шетелдік эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымының аңдатпасы немесе бағалы қағаздар шығарылымының, айналысының тәртібін белгілейтін құжат (бар болса) немесе осы бағалы қағаздар шығарылымының параметрлері туралы ақпарат	"KASE Global" секторында осы бағалы қағаздарды қосу және олардың айналысы үшін шетелдік эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымының параметрлері туралы ақпарат Биржамен келісілуі тиіс, бірақ бұл ретте кем дегенде мынадай жалпы сипаттамаларды қамтуы тиіс: – ISIN; – акциялардың тұрпаты немесе класы (ETF түрі); –ETF базалық активі; – шығарылым валютасы; – сыйақы төлеу валютасы; – шығарылымды тіркеу күні; – номиналды құны; –бағалы қағаздардың жалпы жарияланған саны; – айналыстағы бағалы қағаздардың саны және басқа да қажетті параметрлер
<i>(Осы жол Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 10 наурызындағы және 2022 жылдың 06 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)</i>		
2.	Шетелдік эмитенттің бағалы қағаздарын есепке алуды Орталық депозитарий жүзеге асыратынын (олар листингтен өткеннен кейін жүзеге асырылатынын) растау <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілген)</i>	
3.	Биржа мүшелерінің бірінен бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер функцияларын	ETF бағалы қағаздарын ресми тізімге енгізген кезде

Листингілік ережелер

№ р/с	Құжаттың атауы	Ескерту
А	1	2
	орындауға ниет хат	
<i>(Осы жол Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен енгізілген)</i>		

**Инвестициялық меморандумда ақпараттарды ашуға қойылатын,  
БИРЖАНЫҢ ТАЛАПТАРЫ**

1. Инвестициялық меморандумды ұсыну міндетті болып табылады:
  - 1) бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне толық процедура бойынша енгізгенде;
  - 2) жеңілдетілген процедура бойынша ипотекалық қарыздарды сатып алуды жүзеге асыратын эмитенттің бағалы қағаздар биржасының ресми тізіміне енгізілгенде.Инвестициялық меморандумды ұсыну міндетті емес:
  - 1) эмитенттің басқа бағалы қағаздарын Биржаның ресми тізіміне енгізу шеңберінде инвестициялық меморандум бұрын берілген және бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берілген күннің алдындағы алты айдан аспаған қаржылық есеп берушілік деректері бойынша көрсеткіштерді қамтитын жағдайда;
  - 2) мемлекеттік емес облигацияларды "Жеке орналастыру" алаңына енгізгенде;
  - 3) мақсаты (мазмұны) бойынша инвестициялық меморандумға ұқсас өзге құжатты ұсыну *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен өзгертілді)*
2. Инвестициялық меморандум мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:
  - 1) бағалы қағаздар эмитенті, оның қызметі және қаржылық көрсеткіштері туралы объективті, жан-жақты және актуалды ақпаратты қамту;
  - 2) инвестициялық меморандумды дайындауға қатысқан және онда қамтылған ақпарат үшін жауапты тараптар туралы ақпаратты қамтуы тиіс;
  - 3) инвестициялық меморандум рұқсаттама бастамашысының пікірі бойынша маңызды болып табылатын ақпаратпен толықтырылуы мүмкін;
  - 4) рұқсаттама бастамашысының бірінші басшысы немесе ол осындай әрекеттерді жасауға уәкілеттік берген адам қол қоюы мүмкін;
  - 5) егер инвестициялық меморандумда қандай да бір ақпарат көрсетілмесе, оған байланысты мұндай ақпарат ашылмайтын негіз көрсетілуі тиіс;
  - 6) инвестициялық меморандумда бағалы қағаздар шығарылымының құрылымы мен шарттары туралы мәліметтер немесе қандай да бір басқа маңызды ақпарат, атап айтқанда, эмитенттің басқару органдарының құзыреті ашылмаса, онда осы ақпарат ашылатын құжаттарға сілтемелер көрсетіледі;
  - 7) өзінің дербес деректерін ашуға жазбаша келісім бермеген тұлғалардың дербес деректерін, сондай-ақ коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын ақпаратты қамтымауы тиіс;
  - 8) жарнамалық сипаттағы ақпаратты, ұрандарды, сондай-ақ кірістілік бойынша уәделер мен растамаларды қамтымайды.
3. Инвесторлардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Биржа өзінің дербес деректерін ашуға жазбаша келісім бермеген тұлғалардың дербес деректерін қамтитын, сондай-ақ коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, инвестициялық меморандумдағы ақпаратты қосымша ашуды сұратуға құқылы.

4. Инвестициялық меморандум кем дегенде төменде көрсетiлген ақпаратты ашуы тиiс.

**1 бөлім. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР**

<b>ЭМИТЕНТТІҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНЫ</b>	<p>Эмитенттің құрылтайшылық құжаттарына сәйкес қазақ, орыс және/немесе өзге тілдердегі толық және қысқартылған атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны.</p> <p>Эмитенттің заңды тұлға ретінде алғашқы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берген күнге дейін эмитенттің атауы өзгерсе, оның барлық алдыңғы толық атаулары, сондай-ақ олардың өзгерген күні көрсетіледі.</p> <p>Эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған жағдайда, қайта ұйымдастыру нысаны, жүргізілген қайта ұйымдастыру туралы негізгі деректер және қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалар мен эмитентке қатысты құқықтық мирасқорлық туралы мәліметтер ашылады</p>
<b>ТІРКЕУ ДЕРЕКТЕРІ</b>	<p>Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі және бастапқы мемлекеттік тіркелген күні, сондай-ақ эмитенттің соңғы қайта тіркелген күні (егер қайта тіркеу жүргізілсе)</p>
<b>ЗАҢДЫ ЖӘНЕ НАҚТЫ МЕКЕН-ЖАЙЫ</b>	<p>Эмитенттің толық заңды және нақты мекен-жайлары, байланыс телефондарының нөмірлері, электрондық поштасының және корпоративтік интернет-ресурсының мекен-жайлары</p>
<b>ЭМИТЕНТТІҢ ҚҰРЫЛУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХЫ</b>	<p>Хронологиялық тәртіппен эмитенттің құрылу тарихы және эмитенттің қызметіндегі негізгі оқиғалар, оның құрылу мақсаты</p>
<b>ФИЛИАЛДАР МЕН ӨКІЛДІКТЕР</b>	<p>Эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атаулары, тіркелген күндері, заңды және нақты мекен-жайлары, олардың бірінші басшылары</p>
<b>ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ</b>	<p>Эмитенттің іс жүзінде жүзеге асыратын қызметінің негізгі түрлерінің тізбесі мен сипаттамасы</p>
<b>РЕЙТИНГТЕРДІҢ БОЛУЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР</b>	<p>Рейтингтерді беру (растау, өзгерту) күнін көрсете отырып, эмитентке және/немесе оның бағалы қағаздарына берілген халықаралық және/немесе жергілікті рейтинг агенттіктерінен рейтингтердің болуы туралы мәліметтер</p>
<b>ЛИЦЕНЗИЯЛАР/РҰҚСАТТАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР</b>	<p>Эмитент өзінің негізгі қызметін жүзеге асыруға негіз болған лицензиялар/рұқсаттар туралы мәліметтер.</p> <p>Егер эмитент жер қойнауын пайдаланушы болып табылса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және/немесе осы эмитенттің жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге құқығын растайтын басқа да құжаттар туралы мәліметтерді ашу қажет.</p> <p>Жер қойнауын пайдаланушылар кен орындарын игеруге арналған келісімшарттардың негізгі шарттары және олардың қолданылу мерзімі туралы, қолданыстағы тау-кен бөліністерінің болуы туралы ақпаратты; кен орындарының қысқаша сипаттамасын (пайдалы қазбаны салу мен өндірудің күрделілігі), геологиялық және алынатын қорларды; өндірудің қол жеткізілген өнімділігі кезінде компанияның көрсетілген қорлармен қамтамасыз етілуін ашады; жер қойнауын пайдаланушы кен орнында (кен орындарында) жүзеге асырған геологиялық-барлау жұмыстарының нәтижелері туралы жария есеп дайындаған тәуелсіз құзыретті тұлға туралы, сондай-ақ</p>



	осы кен орнындағы (осы кен орындарында) минералдардың немесе мұнай мен газдың ресурстары мен қорлары туралы ақпарат (пайдаланылуы арқылы осындай есеп дайындалған геологиялық есеп берушілік стандарттарына сәйкес осындай есеп берушің нақты атауына қарамастан) және/немесе барлау жұмыстарының нәтижелері мен көрсетілген қорларды бекіткен орган, сондай-ақ оларды бекіту күні туралы ақпараттар ашылады
<b>БАСҚА ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ КАПИТАЛЫНА ҚАТЫСУ</b>	<p>Орналастырылған акциялардың (төленген жарғылық капиталдың) жалпы санының 10 және одан аса пайызын құрайтын мөлшерде (мөлшерде) акцияларын (қатысу үлестерін) эмитент иеленетін ұйымдар туралы мәліметтер мынадай деректерді қамтиды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– ұйымның толық атауы;</li> <li>– заңды және нақты мекен-жайы;</li> <li>– эмитент иелік ететін акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) саны (мөлшері);</li> <li>– осы ұйымның іс жүзінде жүзеге асыратын қызметінің негізгі түрлері.</li> </ul> <p>Эмитент орналастырылған акциялардың (төленген жарғылық капиталдың) жалпы санының 50 және одан аса пайызын иеленетін, сондай-ақ эмитент шарттың күшіне орай шешім қабылдауға немесе ұйымды өзгеше түрде бақылауға құқығы бар ұйымдар бойынша көрсетілген мәліметтерге қосымша соңғы аяқталған қаржылық жылы үшін/нақты жұмыс істеген кезеңі үшін, сондай-ақ инвестициялық меморандум жасалған күннің алдындағы соңғы аяқталған тоқсан үшін қаржылық көрсеткіштерді қосымша қамтиды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– баланс бойынша активтер;</li> <li>– меншікті капиталдың мөлшері;</li> <li>– сату көлемі (түсім, негізгі қызметтен түскен кіріс);</li> <li>– ағымдағы жылдың және өткен жылдардың бөлінбеген пайдасы (шығысы);</li> <li>– таза пайда (шығыс)</li> </ul>
<b>ЭМИТЕНТТІҢ БАНК НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ХОЛДИНГІНЕ, БАНК КОНГЛОМЕРАТЫНА, САҚТАНДЫРУ ТОБЫНА, ӨНЕРКӘСІП ТОБЫНА, ҚАУЫМДАСТЫҚТАРҒА, КОНСОРЦИУМДАРҒА ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ</b>	<p>Эмитенттің банк немесе сақтандыру холдингіне, банк конгломератына, сақтандыру тобына, өнеркәсіп тобына, қауымдастықтарға, консорциумдарға – топтың (холдингінің) құрылымын, олардың қызметінің негізгі бағыттарын, эмитенттің осы құрылымдағы орны мен рөлін ашып көрсете отырып қатысуы туралы ақпарат ашылады <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілген)</i></p>

## 2 бөлім. БАСҚАРМА ЖӘНЕ АКЦИОНЕРЛЕР (ҚАТЫСУШЫЛАР)

<b>ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ</b>	Заңнамаға, жарғыға және басқа да құжаттарға сәйкес эмитенттің басқару органдары құрылымының сипаттамасы
<b>ЭМИТЕНТТІҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ (ҚАТЫСУШЫЛАРЫ)</b>	Эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы саны және эмитенттің орналастырылған акцияларының (төленген жарғылық капиталының) жалпы санының 5 және одан аса пайызын құрайтын санда (мөлшерде) акцияларға (қатысу үлестеріне) тиесілі акционерлер (қатысушылар) туралы ақпарат (толық және қысқартылған атауын, ұйымдық-құқықтық нысанын, заңды тұлғаның заңды және нақты мекенжайын не жеке

	<p>тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) және резиденттігін қоса алғанда).</p> <p>Акцияларды (төленген жарғылық капиталдағы үлестерді) оның орналастырылған акцияларының (төленген жарғылық капиталдың) жалпы санының 5 және одан аса пайызын құрайтын мөлшерде (мөлшерде) иеленетін эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) ауысуына әкеп соққан соңғы үш жылдағы барлық мәмілелер немесе мәмілелер сериясы туралы ақпарат</p>
<b>IPO (SPO) ТУРАЛЫ АҚПАРАТ</b>	<p>Өткізілген IPO (SPO) туралы мәліметтерде көрсетіледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– IPO(SPO) өткізу күні (күндері);</li> <li>– IPO (SPO) арқылы тартылған ақшаның жалпы көлемі;</li> <li>– Қазақстан Республикасының аумағында IPO (SPO) арқылы тартылған ақшаның жалпы көлемі;</li> <li>– IPO (SPO) өткізілген ел (елдер);</li> <li>– орналастырудың (орналастырулардың) ерекшеліктері</li> </ul>
<b>ЭМИТЕНТТІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ (БАҚЫЛАУ КЕҢЕСІНІҢ) МҮШЕЛЕРІ</b>	<p>Директорлар кеңесінің (байқаушы кеңесінің) төрағасын және Тәуелсіз директорларды қоса алғанда, эмитенттің директорлар кеңесінің (байқаушы кеңесінің) әрбір мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған жылы, директорлар кеңесінің (байқаушы кеңесінің) әрбір мүшесі соңғы үш жылда және қазіргі уақытта, оның ішінде қоса атқару бойынша, хронологиялық тәртіппен қызмет саласын көрсете отырып, атқаратын лауазымдары, сондай-ақ эмитенттің және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының оларға тиесілі акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) саны туралы мәліметтер.</p> <p>Эмитенттің директорлар кеңесінің (байқаушы кеңесінің) мүшелеріне соңғы аяқталған қаржы жылындағы жиынтық сыйақы мен бонустардың мөлшері</p>
<b>ЭМИТЕНТТІҢ АЛҚАЛЫ (ЖЕКЕ-ДАРА) АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ</b>	<p>Эмитенттің алқалы атқарушы органы мүшелерінің әрқайсысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және туған жылы; эмитенттің жеке-дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты және туған жылы; алқалы атқарушы орган мүшелерінің әрқайсысы немесе эмитенттің жеке-дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлға соңғы үш жылда және қазіргі уақытта, оның ішінде қоса атқаратын лауазымы хронологиялық тәртіппен қызмет саласын көрсете отырып, сондай-ақ эмитенттің және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының оларға тиесілі акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) саны туралы мәліметтер.</p> <p>Эмитенттің атқарушы органының мүшелеріне соңғы аяқталған қаржылық жылдағы жиынтық сыйақы мен бонустардың мөлшері</p>
<b>ЭМИТЕНТТІҢ ӨЗГЕ ОРГАНДАРЫ</b>	<p>Акционерлік қоғам директорлар кеңесінің комитеттері туралы ақпаратты, олардың құрамын, функционалдық міндеттерін көрсете отырып, сондай-ақ басқа органдар (бар болса) туралы ұқсас ақпаратты ашады.</p> <p>Жауапкершілігі шектеулі серіктестік және өндірістік кооператив, құрамы мен функционалдық міндеттерін (бар болса) көрсете отырып, эмитенттің басқа органдары туралы ақпаратты ашады.</p> <p>Эмитент қызметкерлерінің, оның филиалдары мен өкілдіктерінің қызметкерлерін қоса алғанда, орташа тізімдік саны туралы ақпарат қосымша ашылады.</p>

	Эмитенттің негізгі бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер
--	---

### 3 бөлім. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

<b>ЭМИТЕНТТІҢ САЛАСЫ</b>	<p>Эмитент өзінің негізгі қызметін (эмитенттің нарықтық позициясы, қызметінің ауқымы, қатысу географиясы, бизнесті әртараптандыру, мамандандыру) жүзеге асыратын саладағы (аядағы) жалпы үрдістерді және эмитенттің осы саладағы жағдайын сипаттау.</p> <p>Эмитент өзінің негізгі қызметін жүзеге асыратын саланың (аяның) болашақта дамуына қатысты болжам</p>
<b>ЭМИТЕНТТІҢ БӘСЕКЕЛЕСТЕРІ</b>	<p>Эмитенттің негізгі бәсекелестері туралы, олардың атаулары мен орналасқан жері, бәсекелестік ауқымы көрсетілген мәліметтер.</p> <p>Салаға кірудің және одан шығудың жеңілдігі немесе күрделілігі, салаға жаңа бәсекелестердің кіру ықтималдығы.</p> <p>Бәсекелестердің өнімдерін (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) саралау дәрежесі (қатты сараланған, әлсіз сараланған немесе іс жүзінде бірдей)</p>
<b>ЭМИТЕНТТІҢ ЖЕТКІЗУШІЛЕРІ МЕН ТҰТЫНУШЫЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР</b>	<p>Өнім берушілердің атауын және Эмитенттің сатып алуының жалпы көлеміндегі өнім берушілердің үлесін көрсете отырып, эмитенттің сатып алуының жалпы көлемінің (тауарларды, шикізатты, материалдарды, эмитентке көрсетілген қызметтердің және орындалған жұмыстардың) 10 және одан аса пайызы үлесіне келетін өнім берушілер.</p> <p>Тұтынушылардың атауын және сатудың жалпы көлеміндегі тұтынушылардың үлесін көрсете отырып, эмитенттің өнімін өткізуден (жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден) түскен жалпы түсімнің 10 және одан аса пайызы үлесіне келетін тұтынушылар.</p> <p>Эмитенттің жұмыс істеп тұрған жеткізушілерге және тұтынушыларға тәуелділік дәрежесі.</p> <p>Эмитент қызметінің маусымдылығы. Маусымдық сипаттағы эмитенттің қызмет түрлері және олардың жалпы кірістердегі үлесі.</p> <p>Эмитентке жеткізілетін (орындалатын, көрсетілетін) шикізат пен материалдардағы (жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі) импорттың үлесі және экспортқа өткізілетін (орындалатын, көрсетілетін) өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) үлесі.</p> <p>Егер мәміленің (мәмілелердің) сомасы эмитент активтерінің баланстық құнының 10 және одан аса пайызын құраса, бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берілген күннен бастап алты ай ішінде жасалуы немесе орындалуы тиіс әрбір мәміле (бірнеше өзара байланысты мәмілелер) бойынша мәліметтер</p>
<b>ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАР</b>	<p>Эмитенттің қызметіндегі мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлер деңгейіне әсер етуі мүмкін саяси және құқықтық факторлар, салық заңнамасындағы өзгерістер, мемлекеттік реттеу және басқалар.</p> <p>Жалпы алғанда, эмитенттің өзінің экономикалық мақсаттарына қол жеткізуінің ықтимал деңгейін анықтайтын экономикалық факторлар (экономикалық өсу қарқыны, валюта айырбастау бағамдары, пайыздық мөлшерлемелер, инфляция деңгейі және басқалар).</p>

	<p>Эмитент үшін жаңа мүмкіндіктер мен елеулі қауіптерді болжайтын технологиялық факторлар.</p> <p>Эмитенттің қызметіне әсер етуі мүмкін климаттық және экологиялық факторлар</p>
<p><b>ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ІШКІ ФАКТОРЛАР</b></p>	<p>Эмитент жасасқан аса маңызды шарттардың, келісімдердің және болашақта оның қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін берілген кепілдіктердің талаптары туралы ірі мәмілелер, оның ішінде топшілік (құны активтердің баланстық құнының жалпы мөлшерінің 25 және одан аса пайызын құрайтын) мәмілелер туралы мәліметтер.</p> <p>Сомасы, қаржыландыру көздері, бағыттары (оның ішінде географиялық), осындай салымдардың мақсаттары және олардың тиімділігі көрсетіле отырып, соңғы жыл ішінде эмитент жүзеге асырған негізгі күрделі салымдар туралы мәліметтер</p>
<p><b>СОТ ПРОЦЕСТЕРІНЕ ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ / ҚОЛДАНЫЛҒАН ЫҚПАЛШАРАЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР</b></p>	<p>Эмитенттің соңғы жылдағы сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер, олардың нәтижелері бойынша эмитент қызметінің тоқтатылуы немесе тарылуы мүмкін, оған кемінде 1 000 (бір мың) АЕК эквиваленті сомасына ақшалай және басқа да міндеттемелер салынуы және осындай сот процестерінің мәнін сипаттау.</p> <p>Эмитенттің қызметіне байланысты соңғы жыл ішінде мемлекеттік органдар және/немесе сот эмитентке және оның лауазымды тұлғаларына салған санкцияның күнін, санкция салған органды, санкцияның салыну себептерін, түрі мен мөлшерін, сондай-ақ санкцияның орындалу дәрежесін көрсете отырып, барлық әкімшілік санкциялар туралы мәліметтер.</p> <p>Қаржы ұйымдары оларды қолдану негіздерін көрсете отырып, уәкілетті орган қаржы ұйымына қатысты қолданған барлық қолданыстағы қадағалау ден қою шаралары мен санкциялары туралы ақпаратты қосымша ашады</p>
<p><b>ЭМИТЕНТТІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР</b></p>	<p>Эмитентке және оның бизнесіне, сондай-ақ оның еншілес ұйымдарына тән тәуекелдер сипатталады. Эмитентке және оның еншілес ұйымдарына қолданылатын тәуекелдерді егжей-тегжейлі сипаттап қана қоймай, инвесторлардың назарын салалық тәуекелдер, елдік және өңірлік тәуекелдер, қаржылық тәуекелдер, құқықтық тәуекелдер, бедел тәуекелі, стратегиялық тәуекел және эмитенттің қызметіне байланысты басқа да тәуекелдер сияқты тәуекелдерді сипаттаумен шектелмей, барынша елеулі тәуекелдерге дұрыс аудару қажет.</p> <p>Атап айтқанда, қажет:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– тәуекелдерді, олардың пайда болу ықтималдығының кему тәртібімен және олардың қолайсыз әсерінің күтілетін ауқымымен сипаттаңыз;</li> <li>– алдымен ең маңызды тәуекелдерді орналастыра отырып, ұқсастықтар принциптері бойынша тәуекелдерді топтастырыңыз;</li> <li>– эмитенттің бизнесіне қауіп төндіретін нақты тәуекелдерді тиісті түрде сипаттаңыз;</li> <li>– жалпы, маңызды емес ақпаратты ашпауға, сондай-ақ эмитент бизнесінің ерекшелігін ескермейтін стандартты тұжырымдарды пайдаланбауға.</li> </ul> <p>Тәуекелдерді сипаттау кезінде тәуекелдің бар-жоғын ғана емес, сондай-ақ осындай тәуекелді іске асыру эмитенттің бизнесіне, оның еншілес ұйымдарына және/немесе эмитент шығарған бағалы қағаздарға нақты қалай әсер ететінін жан-жақты сипаттау</p>

	ұсынылады. Сонымен қатар, тәуекелдің әр түрін басқару құралдары ашылады.
--	--

#### **4 бөлім. ЭМИТЕНТТІҢ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ, АУДИТОРЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР**

<b>КӨРСЕТІЛЕТІН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР</b>	Эмитентке қаржылық қызмет көрсеткен банктер және/немесе басқа ұйымдар туралы мәліметтер, олардың толық атаулары, заңды және нақты мекен-жайлары, бірінші басшылары туралы мәліметтер, эмитентке көрсетілетін қызметтердің түрлері туралы ақпарат, сондай-ақ эмитенттің осы ұйымдармен жасаған ірі меміелері туралы ақпарат
<b>АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР</b>	Жылдық қаржылық есеп берушіліктің аудитін жүргізген аудиторлық ұйымдар не эмитенттің аралық қаржылық есеп берушілігінің аудитін (шолуын) осындай ұйымдардың толық атаулары, олардың заңды және нақты мекенжайлары көрсетілген аудиторлық ұйымдар туралы мәліметтер, бірінші басшылар туралы мәліметтер, олардың қандай да бір халықаралық аудиторлық желіге және/немесе өз қызметін оны тіркеген мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын кәсіби аудиторлық ұйымға мүшелігі туралы ақпарат

#### **5 бөлім. ЭМИТЕНТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІГІ**

<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП, КІРІС НЕМЕСЕ ШЫҒЫС ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП, МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП ЖӘНЕ ЭМИТЕНТТІҢ АҚША ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ НЫСАНДАР</b>	<p><b>"Негізгі" сауда-саттық алаңы үшін</b></p> <p><i>Аудиторлық есеппен расталған жылдық қаржылық есеп берушілік бойынша (еншілес ұйымдар бар болса – шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік):</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– аяқталған үш қаржылық жыл үшін; немесе</li> <li>– бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтініш соңғы аяқталған қаржылық жыл аяқталған күннен бастап алғашқы төрт ай ішінде берілген және бұл ретте эмитентте соңғы аяқталған қаржылық жыл үшін аудиторлық есеппен расталған жылдық қаржылық есеп берушілік болмаған жағдайда, соңғы аяқталған қаржылық жылдың алдындағы аяқталған үш қаржылық жыл үшін; немесе</li> <li>– егер эмитенттің жұмыс істеу мерзімі үш жылдан кем болған жағдайда, эмитенттің нақты жұмыс істеу кезеңі үшін.</li> </ul> <p><i>Аудиторлық есеппен немесе осы есеп берушілікке шолу жөніндегі есеппен расталған аралық қаржылық есеп берушілік (еншілес ұйымдар болған кезде – шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік) немесе аудит жүргізілмеген аралық қаржылық есеп берушілік бойынша:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берген күннің алдындағы соңғы есеп беруші кезеңде, көрсетілген есеп берушіліктердің қайсысы өзекті болып табылатынына байланысты.</li> </ul> <p><b>"Баламалы" жіне "Аралас" сауда-саттық алаңдары үшін</b></p> <p><i>Аудиторлық есеппен расталған жылдық қаржылық есеп берушілік бойынша (еншілес ұйымдар болған кезде – шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік):</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– өткен есеп берушілік кезеңдегі салыстырмалы ақпаратты қоса алғанда, соңғы аяқталған қаржылық жыл үшін; немесе</li> <li>– бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтініш соңғы аяқталған қаржылық жыл аяқталған күннен бастап алғашқы төрт ай ішінде берілген және бұл ретте эмитентте соңғы</li> </ul>
---	--

	<p>аяқталған қаржылық жыл үшін аудиторлық есеппен расталған жылдық қаржылық есеп берушілік болмаған жағдайда, алдыңғы есеп берушік кезең үшін салыстырмалы ақпаратты қоса алғанда, соңғы аяқталған қаржы жылының алдындағы аяқталған қаржылық жыл үшін.</p> <p><i>Аудиторлық есеппен немесе осы есеп берушілікке шолу жөніндегі есеппен немесе аудиттелмеген аралық қаржылық есеп берушілікпен расталған аралық қаржылық есеп берушілік (өншілес ұйымдар бар болса – шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік) бойынша:</i></p> <p>– бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берген күннің алдындағы соңғы есеп беруші кезеңде, көрсетілген есеп берушіліктердің қайсысы актуалды болып табылатынына қарай.</p> <p>Бағалы қағаздарды "Аралас" сауда-саттық алаңының "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторына енгізгенде уәкілетті органның тиісті нормативтік құқықтық актісімен немесе қолданыстағы заңнамамен бекітілген құрылымға және нысанға сәйкес соңғы есеп берушік күндегі жағдай бойынша инвестициялық қордың аралық қаржылық есеп берушілігі бойынша жиынтық нысандар қосымша ашылады.</p> <p>Эмитенттің жылдық қаржылық есеп берушілігі бойынша және/немесе эмитенттің аудиторлық есеппен немесе осы есеп берушілікті шолу бойынша есеппен расталған аралық қаржылық есеп берушілігі бойынша шығарылған аудиторлық есептерде ескертпелері бар пікірлер немесе пікір білдіруден бас тарту қамтылса, мұндай ескертпелердің немесе бас тартудың себептерін жан-жақты ашу қажет.</p> <p>Эмитенттің қаржылық есеп берушілігі теңгеден басқа валютада жасалса, эмитенттің қаржылық есеп берушілігін дайындаудың әрбір күніне эмитенттің қаржылық есеп берушілігі жасалған валютаға теңгенің айырбастау бағамдарын келтіру қажет</p>
--	--

## 6 бөлім. ЭМИТЕНТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІГІНІҢ ТАЛДАМАСЫ

<p><b>ЭМИТЕНТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІГІ БОЙЫНША ОСЫ БӨЛІМДЕ КӨРСЕТІЛГЕН БАПТАРДЫҢ ТАЛДАМАСЫ</b></p>	<p><b>Эмитенттің қаржылық жағдайы туралы есеп берушіліктегі баптардың толық жазылуы</b></p> <p><b>Барлық сауда-саттық алаңдары үшін</b></p> <p>Қаржылық есеп берушілігінен (өншілес ұйымдар бар болса – шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік) – бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берілген күннің алдындағы соңғы есеп беруші кезең үшін.</p> <p><b>Эмитенттің кірісі немесе шығысы және басқа да жиынтық кірісі туралы есеп берушіліктегі баптардың толық сараптамасы</b> "Қаржылық жағдай туралы есеп, кіріс немесе шығыс туралы және басқа да жиынтық кіріс туралы есеп, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп және эмитенттің ақша қозғалысы туралы есеп бойынша жиынтық нысандар" атты 5 бөлімде көрсетілген кезеңдер бойынша жүзеге асырылады</p>
<p><b>АКТИВТЕР</b></p>	
<p><b>НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК</b></p>	<p>Топтарға бөле отырып (жер, ғимараттар мен құрылыстар, машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары, басқа да негізгі құралдар) және негізгі құралдар / инвестициялық жылжымайтын мүлік топтарының әрқайсысы бойынша ақпараттар жеке ашылады:</p> <p>– сатып алу күніне бастапқы құны;</p>

	<p>– есептелген тозу шамасы;          – қалдық құны;          – тозу пайызы.</p> <p>Негізгі құралдарға және/немесе инвестициялық жылжымайтын мүлікке соңғы үш жыл ішінде қайта бағалау жүргізілген жағдайда, осындай іс-әрекеттердің нәтижелері (бағалаушының толық атауы, оның орналасқан жері, мүлікті бағалауды жүзеге асыру құқығына лицензияның күні мен нөмірі, лицензия берген органның атауы, қайта бағалау жүргізілген күн, эмитенттің негізгі құралдарын қайта бағалаудың мақсаты мен әдістемесі) ашылуы тиіс.</p> <p>Эмитент үшін күрделі құрылыс (аяқталмаған күрделі құрылыс) жүргізіліп жатқан объектілердің өтініш берілген күнге қысқаша сипаттамасын ұсыну, құрылыстың басталған күнін, осы объектілерді пайдалануға берудің жоспарланған мерзімін, жүргізіліп жатқан құрылыстың мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ олардың есебінен құрылыс жүргізіліп жатқан ақша көздерін көрсету қажет</p>
<p><b>МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР</b></p>	<p>Бөліністе материалдық емес активтердің топтары бойынша бөле отырып ашылады:</p> <p>– сатып алу күніне бастапқы құнын;          – есептелген тозу шамасы;          – қалдық құны;          – тозу пайызы.</p> <p>Материалдық емес активтерді қайта бағалау соңғы үш жыл ішінде жүргізілген жағдайда, осындай іс-әрекеттердің нәтижелері (бағалаушының толық атауы, оның орналасқан жері, мүлікті бағалауды жүзеге асыру құқығына лицензияның күні мен нөмірі, лицензия берген органның атауы, қайта бағалау жүргізілген күн, митенттің материалдық емес активтерін қайта бағалаудың мақсаты мен әдістемесі) ашылуы тиіс</p>
<p><b>ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР</b></p>	<p>Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қаржылық активтеріне бөле отырып, қаржылық активтердің түрлері ббойынша, сондай-ақ валюталар (шетел валютасында, теңгемен) бойынша ақпараттар ашылады.</p> <p>Қаржылық активтерге эмитенттің қаржылық активтерінің жалпы сомасының 5 және одан аса пайызы келетін болса, олар бойынша неғұрлым жан-жақты ақпарат (қаржылық активтердің түрі, олардың валюталық және мерзімді құрылымы, сыйақы мөлшерлемесі (дивидендтік кіріс) ашылуы тиіс)</p>
<p><b>БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР / ҚАРЖЫЛЫҚ КӨМЕК</b></p>	<p>Қарыз алушыны, берілген қарыз сомасын, өтеу мерзімін, қарыз валютасын, өтеуге дейін қалған соманы көрсете отырып берілген қарыздар туралы ақпарат ашылады. Егер қарыз мерзімі өткен болып табылса, оған мерзімі өткен берешектің және резервтердің (провизиялардың) қалыптастырылған сомасы, күтілетін несиелік шығыстардың пайызы және мерзімі өткен берешектің мерзімдері көрсетіле отырып, қосымша көрсетіледі.</p> <p>Осындай ақпарат берілген қаржылық көмек бойынша ашылады.</p> <p>Бұл ретте екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, микроқаржы ұйымдары, ломбардтар қарыздар бойынша берілген және</p>

	<p>өтелмеген негізгі борыштың сомасы жөніндегі ақпаратты ашады:</p> <p>1) мыналар бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қарыздар;</li> <li>– заңды тұлғаларға берілген қарыздар;</li> <li>– жеке тұлғаларға берілетін қарыздар, оның ішінде ипотекалық тұрғын үй қарыздары мен тұтынушылық қарыздар көрсетілген қарыздар;</li> <li>– "Кері репо" операциялары;</li> </ul> <p>2) мыналар бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– негізгі борыш және/немесе есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ қарыздар;</li> <li>– 1 күннен 30 күнге дейінгі мерзімі өткен берешегі бар қарыздар;</li> <li>– 31 күннен 60 күнге дейінгі мерзімі өткен берешегі бар қарыздар;</li> <li>– 61 күннен 90 күнге дейінгі мерзімі өткен берешегі бар қарыздар;</li> <li>– 90 күннен асатын мерзімі өткен берешегі бар қарыздар;</li> <li>– мерзімі өткен берешегі 90 күннен асатын қарыздар бойынша провизиялар</li> </ul>
<b>САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК</b>	<p>Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді, сондай-ақ сауда және басқа да дебиторлық берешекке қалыптастырылған провизияларды көрсете отырып, валюталар бойынша бөле отырып, сауда және басқа да дебиторлық берешек ашылады.</p> <p>Бір дебиторға өтелгенге дейін қалған сома эмитенттің дебиторлық берешегінің жалпы сомасының 5 және одан аса пайызын құраса, олар бойынша қосымша мынадай ақпарат ашылады: дебитордың атауы, үлестестігін (бар болса) көрсете отырып, өтелгенге дейін қалған валюта және сомасы.</p> <p>Мерзімі өткен сауда және басқа да дебиторлық берешек, сондай-ақ оған қалыптастырылған резервтер (провизиялар) бойынша ақпарат, күтілетін кредиттік шығыстардың пайызын және мерзімі өткен берешектің мерзімдерін көрсете отырып, жеке ашылады</p>
<b>ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АҚША ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, САЛЫМДАР</b>	<p>Қаржы ұйымы бөлігінде орналастырылған ақша және оның баламалары бойынша ақпарат ашылады, онда сома, валюта, сыйақы мөлшерлемесі көрсетіледі</p>
<b>БАСҚА ДА АКТИВТЕР</b>	<p>Баланс баптарын, сомаларды, валютаны және осы баптарды түсіндіретін басқа да ақпаратты көрсете отырып, эмитент активтерінің жалпы сомасының 5 және одан аса пайызын құрайтын басқа да активтер ашылады</p>
<b>САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ АКТИВТЕР</b>	<p>Баланс баптарын, қалдықтарды (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде) және осы баптарды түсіндіретін басқа да ақпаратты көрсете отырып, сақтандыру қызметін жүзеге асыруға байланысты активтер ашылады</p>
<b>ПАССИВТЕР</b>	
<b>ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ</b>	<p>Акционерлік (жарғылық) капиталдың құрылымы ашылады. Қосымша эмитенттің акционерлеріне (қатысушыларына) соңғы үш жылда, оның ішінде акциялардың әртүрлі түрлері (кластары) бойынша төленген дивидендтердің сомалары туралы, дивидендтер төлеудің әрбір жылы үшін әрбір түрдің</p>



	<p>(кластың) бір акциясына дивидендтің мөлшері туралы, дивидендтер төлеу жүзеге асырылатын валюта, сондай-ақ дивидендтер төлеу бойынша берешектің бар-жоғы және осы берешектің туындау себептері туралы ақпарат ашылады.</p> <p>Акционерлік қоғам эмитенттің жарияланған және орналастырылған акцияларының түрін (класын), олардың меншік иелеріне берілетін атаулы құнын, орналастыру бағасын және оны анықтау тәсілін көрсете отырып, олардың санын қосымша ашады. Барлық акциялар ақшамен төленбесе, онда акциялардың қандай активтермен төленгенін және осы активтердің бағасы қалай анықталғанын көрсету қажет.</p> <p>Эмитент өзінің акционерлік капиталының құрамына кірмейтін акцияларды шығарса, осындай акциялардың саны мен негізгі сипаттамаларын көрсету қажет.</p> <p>Меншікті акциялардың бір бөлігін эмитент сатып алса немесе оның еншілес ұйымдарының меншігінде болса, осындай акциялардың санын, олар беретін құқықтарды, олардың номиналды, баланстық және / немесе нарықтық құнын, орналастыру және/немесе сатып алу бағасын көрсету қажет</p>
<b>РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛ / РЕЗЕРВТЕРДІҢ БАСҚА ДА ТҮРЛЕРІ</b>	Резервтік капитал/резервтердің басқа түрлері олардың түрлері, сомалары және осы баптарды түсіндіретін басқа да ақпарат көрсетіле отырып ашылады
<b>АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАР / АЛЫНҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ КӨМЕК</b>	<p>Алынған қарыздар туралы ақпарат қарыз берушіні, берілген қарыз сомасын, өтеу мерзімін, қарыз валютасын, өтелгенге дейінгі қалған соманы және алынған қарыз бойынша қамтамасыз ету болып табылатын кепіл мүлкін көрсете отырып ашылады. Егер қарыз мерзімі өткен болып табылса, мерзімі өткен берешектің сомасы мен мерзімі қосымша көрсетіледі.</p> <p>Егер несиелік келісім-шартта қосымша ковенанттар (шектеулер) көзделсе, осы ковенанттардың (шектеулердің) талаптары қосымша ашылады.</p> <p>Ұқсас ақпарат алынған қаржылық көмек бойынша ашылады</p>
<b>ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР</b>	Айналыстың басталу күнін, номиналды құнын, жылдық өлшемдегі сыйақы мөлшерлемесін, сыйақы төлеу кезеңділігін, өтеу күнін, жарияланған облигациялардың санын, орналастырылған облигациялардың санын, облигацияларды орналастырудан тартылған ақша көлемін, орналастыру кезіндегі кірістілікті көрсете отырып, айналыстағы борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымы бойынша ақпарат ашылады
<b>КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК</b>	<p>Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиторлық берешекке бөле отырып, сондай-ақ валюталар бойынша (шетел валютасында, теңгемен) кредиторлық берешек ашылады.</p> <p>Бір кредиторға өтелгенге дейін қалған сома эмитенттің кредиторлық берешегінің жалпы сомасының 5 және одан аса пайызын құраса, олар бойынша қосымша мынадай ақпарат ашылады: кредитордың атауы, аффилиирленгендігін (бар болса) көрсете отырып, өтеуге дейін қалған валюта және сома.</p> <p>Мерзімі өткен кредиторлық берешек бойынша ақпарат қосымша ашылады: мерзімі өткен берешектің мерзімі және мерзімі өткен берешектің пайда болу себептері</p>
<b>ТАРТЫЛҒАН САЛЫМДАР (ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕР ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАДЫ)</b>	Екінші деңгейдегі банктер және, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, ұйымдар заңды және жеке тұлғалар бойынша және валюталар (шетел валютасында, теңгемен) бөлігінде ағымдағы шоттарға, талап етілгенге дейінгі

	шоттарға, мерзімді салымдарға, шартты салымдарға және жинақ салымдарына бөле отырып, тартылған салымдар бойынша ақпаратты ашады)
<b>БАСҚА МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>	Баланс баптарын, сомаларды, валютаны және осы баптарды түсіндіретін басқа да ақпаратты көрсете отырып, эмитент міндеттемелерінің жалпы сомасының 5 және одан аса пайызын құрайтын басқа да міндеттемелер ашылады
<b>САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары баланстың баптарын, сомаларын және осы баптарды түсіндіретін басқа да ақпаратты көрсете отырып, сақтандыру қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттемелерді ашады
<b>КІРІСТЕР/ШЫҒЫСТАР</b>	
<b>НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕР (ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМНІҢ (КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ, ОРЫНДАЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫҢ) КӨЛЕМІ НЕМЕСЕ ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР)</b> <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілген)</i>	<p>Сатылған өнімнің (көрсетілген қызметтердің, орындалған жұмыстардың) көлемі бойынша ақпарат:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– сатылған өнімнің (көрсетілген қызметтердің, орындалған жұмыстардың) көлемін ақшалай баламада, оның ішінде осы кірістердің жалпы көлеміндегі олардың үлесін көрсете отырып, өнімнің (көрсетілетін қызметтердің, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша бөлек;</li> <li>– сатылған өнімнің (көрсетілген қызметтердің, орындалған жұмыстардың) географиялық бөлінуі;</li> <li>– қаралатын кезең ішінде эмитент сатқан өнімнің (көрсетілген қызметтердің, орындалған жұмыстардың) көлеміне оң немесе теріс әсер еткен негізгі факторлар;</li> <li>– өнімді сатудан (қызметтер көрсетуден, орындаудан, жұмыстардан) түсетін кірістердің өсуі үшін эмитент қабылдайтын шаралар</li> </ul>
<b>НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕН БОЛҒАН ШЫҒЫСТАР (ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМНІҢ (КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ, ОРЫНДАЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫҢ) ӨЗІНДІК ҚҰНЫ НЕМЕСЕ ПАЙЫЗДЫҚ ШЫҒЫСТАР)</b> <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілген)</i>	<p>Сатылған өнімнің (көрсетілген қызметтердің, орындалған жұмыстардың) өзіндік құны бойынша ақпарат ашылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– сатылған өнімнің (көрсетілген қызметтердің, орындалған жұмыстардың) өзіндік құны көлемінің, оның ішінде өзіндік құнының жалпы көлеміндегі олардың үлесін көрсете отырып, өнімнің (қызметтердің, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша бөлек;</li> <li>– қаралатын кезең ішінде өнімнің (көрсетілген қызметтердің, орындалған жұмыстардың) эмитенті өткізген өзіндік құнының өсуіне немесе төмендеуіне әсер еткен негізгі факторлар;</li> <li>– жалпы немесе өнім бірлігіне есептегенде өзіндік құн көлемін төмендету үшін эмитент қабылдайтын шаралар</li> </ul>
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕР/ШЫҒЫСТАР (ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР/ШЫҒЫСТАР)</b> <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілген)</i>	Кірістердің/шығыстардың түрлерін, алынған кірістердің/келтірілген шығыстардың жалпы көлеміндегі кірістердің/шығыстардың негізгі түрлерінің сомалары мен үлестерін және осы баптарды түсіндіретін басқа да ақпаратты көрсете отырып, қаржылық қызметтен алынатын кірістер/шығыстар ашылады
<b>КОМИССИЯЛЫҚ КІРІСТЕР/ШЫҒЫСТАР</b>	Кірістердің/шығыстардың түрлерін, сомаларын және осы баптарды түсіндіретін басқа да ақпаратты көрсете отырып, комиссиялық кірістер/шығыстар ашылады (егер комиссиялық кірістер эмитент кірістерінің жиынтық сомасының 5 және одан аса пайызын құраса)

<i>(Осы жол Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен алынып тасталған)</i>	
<b>ҚАЙТА САҚТАНДЫРУҒА БЕРІЛГЕНДЕРДІ ШЕГЕРГЕНДЕГІ ТАПҚАН СЫЙЛЫҚАҚЫЛАР/ОРЫН АЛҒАН ШЫҒЫНДАР</b>	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы маманданған сақтандырудың сомалары мен негізгі кластарын көрсете отырып, қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар/орын алған залалдар ашылады
<b>ЖОҒАРЫДА КӨРСЕТІЛМЕГЕН БАСҚА ДА КІРІСТЕР/ШЫҒЫСТАР</b>	Кірістердің/шығыстардың түрлерін, сомаларын және осы баптарды түсіндіретін басқа да ақпаратты көрсете отырып, басқа да кірістер/шығыстар ашылады (егер өзге кірістер эмитенттің кірістерінің жиынтық сомасының 5 және одан аса пайызын құраса)

**7 бөлім. ЭМИТЕНТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ БОЙЫНША КОЭФФИЦИЕНТТЕР**

<b>КОЭФФИЦИЕНТТЕРДІ ЕСЕПТЕУ</b>	Коэффициенттерді есептеу " <b>Қаржылық жағдай туралы есеп, кіріс немесе шығыс және басқа да жиынтық кіріс туралы есеп, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп және эмитенттің ақша қозғалысы туралы есеп бойынша жиынтық нысандар</b> " атты 5 бөлімде көрсетілген кезеңдер бойынша жүзеге асырылады
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРҒА АРНАЛҒАН КОЭФФИЦИЕНТТЕР</b>	
<b>Өтімділік коэффициенттері</b>	Ағымдағы өтімділік коэффициенті = Қысқа мерзімді активтер / Қысқа мерзімді міндеттемелер
	Жылдам өтімділік коэффициенті = Қысқа мерзімді активтер-тауарлық-материалдық қорлар / Қысқа мерзімді міндеттемелер
	Абсолюттік өтімділік коэффициенті = (Ақша қаражаты + Қысқа мерзімді қаржы салымдары) / Қысқа мерзімді міндеттемелер
<b>Қаржылық тұрақтылықтың коэффициенттері</b>	Қаржылық левередж коэффициенті = ұзақ мерзімді міндеттемелер + қысқа мерзімді міндеттемелер/меншікті капитал <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілген)</i>
	Маневрлік коэффициенті = Қысқа мерзімді активтер / Меншікті капитал
	Автономия коэффициенті = Меншікті капитал / Ұзақ мерзімді активтер + Қысқа мерзімді активтер
<b>Рентабельділік коэффициенттері</b>	Активтердің рентабельділігі = Таза пайда / Ұзақ мерзімді активтер + Қысқа мерзімді активтер
	Таза пайда бойынша сатудың рентабельділігі = Өнімді және/немесе қызметті сатудан түскен Таза пайда/Түсім
	Меншікті капиталдың рентабельділігі = Таза пайда / Меншікті капитал
<b>Іскерлік белсенділіктің коэффициенттері</b>	Айналым активтерінің айналым коэффициенті = Өнімді және/немесе қызметтерді сатудан түскен түсім / қысқа мерзімді активтердің орташа жылдық құны
	Меншікті капиталдың айналым коэффициенті = Өнімді және/немесе қызметтерді сатудан түскен түсім / меншікті капиталдың орташа жылдық құны

## Листингілік ережелер

---

---

	Қор қайтарымы = Өнімді және/немесе қызметті сатудан түскен түсім / активтердің орташа жылдық құны
--	---

<b>ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНА АРНАЛҒАН ПРУДЕНЦИАЛДЫҚ НОРМАТИВТЕР</b>	
<b>Пруденциалдық нормативтерге сәйкес коэффициенттер</b>	Қаржы ұйымдарының пруденциалдық нормативтерді, сондай-ақ уәкілетті орган белгілеген басқа да нормалар мен лимиттерді орындауы туралы ақпарат ашылады
<b>БАНКТЕР, БАНК ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАР, МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫ, ЛОМБАРДТАР ҮШІН КОЭФФИЦИЕНТТЕР</b>	
<b>Несиелік портфельдің сапасын көрсететін коэффициенттер</b>	Кредиттік портфельді жабу коэффициенті = провизиялар / жиынтық несие портфелі бойынша негізгі борыш
	Таза несие портфелінің коэффициенті = (провизиялардың жиынтық несие қоржыны бойынша негізгі борыш) / жиынтық несие қоржыны бойынша негізгі борыш
	Несиелік портфель бойынша қамтамасыз ету коэффициенті = қабылданған қамтамасыз ету сомасы / жиынтық несие портфелі бойынша негізгі борыш
	Кредиттік портфель бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен төлемдердің коэффициенті = 90 күннен астам мерзімі өткен негізгі борыштың сомасы / жиынтық несие портфелі бойынша негізгі борыш

**8 бөлім. КЛИЕНТТЕРДІҢ АКТИВТЕРІ ЕСЕБІНЕН САТЫП АЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫН АШУ**

<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ</b>	<p>Қаржы құралдарының түрлерін, бағалы қағаздардың, қаржы құралдарына қалыптастырылған резервтердің (провизиялардың) ағымдағы құнын көрсете отырып, клиенттердің активтері есебінен сатып алынған соңғы есеп берушік күндегі жағдай бойынша инвестициялық портфельдің құрылымы, сондай-ақ инвестициялық портфель бойынша басқа да елеулі ақпарат ашылады.</p> <p>Соңғы есеп берушік күндегі жағдай бойынша жарияланған және орналастырылған пайлардың санын көрсете отырып, Биржаның ресми тізіміне енгізу жоспарланатын пайлар туралы ақпарат ашылады</p>
--	--

"Қазақстан қор биржасы" АҚ	АО "Казахстанская фондовая биржа"
Датасы шығыс нөмірі	Дата исходящий номер
<p align="center"><b>"Қазақстан қор биржасы" АҚ ресми тізіміне бағалы қағаздарды енгізу туралы Ө Т І Н І Ш</b></p>	<p align="center"><b>З А Я В Л Е Н И Е о включении ценных бумаг в официальный список АО "Казахстанская фондовая биржа"</b></p>
<p>Осы өтінішімізбен бұдан әрі "Рұқсаттама бастамашысы" деп аталатын [рұқсаттама бастамашысының толық атауы] атынан [жарғы/сенімхат] негізінде әрекет ететін, [лауазымы] [аты, әкесінің аты, тегі], "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамын (бұдан әрі – Биржа) [эмитенттің толық атауы, оның ұйымдастырушылық құқықтық нысаны және тіркеген мемлекеті] шығарылған/шығаруға жоспарланған (қажеттісін таңдау) [бағалы қағаздардың толық атауы, ISIN (бар болса)] Биржаның ресми тізіміне [сауда-саттық алаңының, сектордың, санатының (бар болса) атауы] бойынша енгізуді сұрайды.</p>	<p>Настоящим [полное наименование инициатора допуска], далее именуемое "Инициатор допуска" в лице [должность] [фамилия, имя, отчество], действующего на основании [устава/доверенности] Инициатора допуска, просит АО "Казахстанская фондовая биржа" (далее – Биржа) включить [полное наименование ценных бумаг, ISIN (при наличии)], выпущенные/планируемые к выпуску (выбрать нужное) [полное наименование эмитента, его организационно правовая форма и страна регистрации] в официальный список Биржи [наименование площадки, сектора, категории (при наличии)].</p>
<p>Рұқсаттама бастамашысы, Биржаның ережелеріне сәйкес, өзіне бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысына қатысты қолданылатын барлық міндеттемелерді қабылдайтынын мәлімдейді және:</p>	<p>Инициатор допуска заявляет, что принимает на себя все обязательства, применимые к инициатору допуска ценных бумаг в соответствии с правилами Биржи, и заявляет, что:</p>
<p>1) осы өтініш жалпы Биржамен жасалатын листингілік шартқа (Листингілік ережелерге 5 қосымша) (бұдан әрі – Келісім-шарт) қосылуға келісім болып табылады;</p>	<p>1) настоящее заявление является согласием на присоединение к листинговому договору (приложение 5 к Листинговым правилам) (далее – Договор) в целом, заключаемому с Биржей;</p>
<p>2) Келісім-шарттың мазмұнымен, Листингілік ережелермен және Биржаның өзге ішкі құжаттарымен танысты;</p>	<p>2) ознакомлен с содержанием Договора, Листинговыми правилами и иными внутренними документами Биржи;</p>
<p>3) Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген барлық шарттар мен талаптарды орындауға сөзсіз келіседі және міндеттенеді;</p>	<p>3) безусловно соглашается и обязуется выполнять все условия и требования, установленные внутренними документами Биржи;</p>
<p>4) Биржа анықтаған мәліметтермен және электрондық құжаттармен алмасу жүйелерін пайдалануға міндеттенеді;</p>	<p>4) обязуется использовать определенные Биржей системы обмена данными и электронными документами;</p>
<p>5) Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген листингілік алымдарды, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес тұрақсыздық төлемін (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) олар есептелген және Биржа төлеуге ұсынған жағдайда төлеуге міндеттенеді.</p>	<p>5) обязуется уплачивать листинговые сборы, установленные внутренними документами Биржи, а также неустойки (штрафы, пени) в соответствии с внутренними документами Биржи в случае их начисления и предъявления к оплате Биржей.</p>
<p>Осы өтінішке Листингілік ережелерге</p>	<p>К настоящему заявлению прилагается</p>

<p>2 қосымшада аталған құжаттардың тізімі қоса беріледі.</p>	<p>перечень документов из числа перечисленных в приложении 2 к Листинговым правилам.</p>
<p>Рұқсаттама бастамашысы:</p> <p>[заңды мекен-жайы];</p> <p>[e-mail];</p> <p>[БСН];</p> <p>[банктік шоттың деректемелері].</p>	<p>Инициатор допуска:</p> <p>[юридический адрес];</p> <p>[e-mail];</p> <p>[БИН];</p> <p>[реквизиты банковского счета].</p>
<p>[Рұқсаттама бастамашысының бірінші жетекшісінің қолы немесе, осындай әрекеттерге өкілденген, тұлғаның қолы]</p> <p>_____</p> <p>[инициалдары, тегі]</p>	<p>[подпись первого руководителя Инициатора допуска или лица, уполномоченного на совершение таких действий]</p> <p>_____</p> <p>[фамилия, инициалы]</p>

